

Ұш қанусыр

Әдебиет - ардың ісі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-k.kz

№6 (369) 9 ақпан 2018 жыл



КӨКТЕМ – ГҮЛДІҢ, КӨСЕМ ЕЛДІҢ БАҒЫН АШАДЫ

Кеше Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылындағы Мәдениет үйінде ел қорғаны болған батыр, ақылман би Тайторы Сәке болыстың туғанына 175 жыл толуына орай ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижан тарихи тұлға жайлы баяндама жасап, аудандық мәслихат төрағасы Жұрын Саят Мұхамедқалиұлы лебізін білдірді. Сәке болыс Ниязбекұлының текті ұрпақтары: Жұмабай Тәжібаев, Талғат Кәдірулы архивке кіріп, фотосуреттерін тауып, деректер жинастырғаны негізінде түсірілген деректі фильм көрсетіліп, «Тайторы Сәке болыс» кітабының тұсауы кесілді.



«Сәке болыстың ерен еңбегі – жан-жаққа тарыдай шашырап кеткен елін атақонысына жинап, әл-ауқатына көмектесіп, үлкен жеке болыс еткендігі жалпақ жұртқа аңыз болып тұрады.

Сәке болыс – ғұмыр бойы елім, жерім деп өткен ер. Сарыбай бимен бірге бүкіл шапыраштының сыртқа кеткен ағайындарын жинап, Алатау бөктеріне көшіріп әкеліпті.

Әсіресе аз түгін Тайторының қанатын жаздырып, басқа аталармен теңестіріп, ел алдына шығарған осы Сәке.

Ақылман дана, еліне пана болған Сәке Ниязбекұлының артында аңыз, ғибрат болып қалған билік сөздері, шешендігі, көсемдігі, әділдігі бүгінгі ұрпаққа да үлгі, өнеге. Өршіл рухтан өлмес дана туады. Сәке былай деп айтқан екен:

Белің бүгілсе де елің бүгілмесін,
Ер-азаматтан жұрттың түңілмесін.
Іргесі берікті жау да, дау да алмайды,
Ағайын араздығы ешуақ білінбесін.
Жұмабай Тәжібаев, Талғат Кәдірулы деген текті
ұрпақтары Сәке болыс Ниязбекұлы жайлы архивке кіріп,
фотосуреттерін тапты, деректер жинастырды.

Тайторы Сәке болыстың есімі мен игілікті ісін ел есінде қалдыруда әлі атқарылар істер көп-ақ.

«Тайторының бар баласы – менің балам», – деген ер Сәкенің ұрпақтары арасынан елге танылған атақты азаматтар көптеп саналады. Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев, республикамыздың бас прокурорының бірінші орынбасары генерал Ғизат Нұрдаулетов, Кербұлақ ауданының әкімі Бағдад Әлиев, қоғам қайраткері, Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты Әскербек Абаев, еңбек ардагерлері Нәркен Қалыбеков, Тұрсынбай Бірімқұлов, белгілі кәсіпкер-меценант Жұмабай Тәжібаев және басқа да тұлғалы жандар Қазақстанымыздың экономикасы мен мәдениетін көтеруде елеулі істер атқаруда», – дейді әдебиет зерттеуші Нағашыбек Қапалбекұлы. Біз жазушының ел ішінен жинаған зерттеу еңбегін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Сәке болыс дүниеге келген сәт – елге бейқұт заман, мамыражай тіршілік орнаған бір әдемі кезең екен.

Әкесі Ниязбек Сұраншы батырмен құрдас әрі оның сенімді сарбазы болып жауға да, дауға да бірге аттанып жүріпті. Ниязбек осындай сапарда жүргенде әйелі ұл тапқанда сүйіншілеп келгендерге:

– Баламның аты Сәттібек болсын. Сәтті уақытта өмірге келді. Енді оның өмірінде бәле-жәле, соғыс, шайқас деген болмасын! – деп сәлем айтып жіберіпті.

Сәттібек алғыр, өжет, әрі жақсылардың жанында көп жүретін, алқалы жиынға жиі қатысып, би-шешендердің сөзін тыңдауды ұнататын зейінді, зерделі болып өсіпті. Оған алғаш көзі түскен Екейдегі Сарыбай би екен. Әкесіне айтып өзіне атқосшы-көмекші етіп, алыс-алыс өңірлерге бірге шығып, ірі-ірі дау-шарларда қасына алып отырады. Бала молдадан оқып, ерте хат таниды.

Жол-жөнекей бірге жүргенде бала Сәттібек Сарыбай биге: «Би аға, кешегі билер кесімі былай болғаны жөн сияқты», – деп жөн-жосық айтып, өз пікірімен аты алашқа кеткен Сарыбекенді таңқалдырады.

Сарыбай би он бес жасар баланы үш рет билік айтар кезде ақылдасып, жеке ой-пікірін біледі.

Ақыры Лепсі өзенінің жағасында жаз айында бүкіл иісі Үйсін-Найман бас қосқан жиында Сарыбай Айдоусұлы – Жетісудың төбе биі былай депті:

– Мынау Сәттібек Ниязбек баласы – менің жанымда үш жыл жүріп, билік айтудың жай-жапсарын, жөн-жосығын әбден біліп алған, оқыған-тоқығаны көп көмекшім болды. Енді міне он алтыға шығайын деп отырған Сәттібекті дуалы ауызды әділ би болатындығына бек сеніп, Сіздерге таныстырып отырмын. Оны бала демей, Сәттібек демей «Сәке» деп атаңдар. Ел-жұрттың қамын жейтін, атадан нағыз ұл болып туған оған ақ батамды беремін! – деп бәріне қол жайғызып, он батасын беріпті.

Содан бері Сәттібекті ел «Сәке», «Сәке» десіп төрге шығарып, төрелік айтқызып, жас та болса абыз ақсақалдай тауып айтар шешендігіне, тура айтар көсемдігіне тәнті болыпты. Содан Сәке атанып кетіпті.

Жалғасы 3-бетте



2018 ЖЫЛЫ АЙТЫСКЕР АҚЫН, ЖЫРАУ МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 175 ЖЫЛ ТОЛАДЫ

Мұрат Мөңкеұлы – тек Атыраудың ғана емес, бүкіл алты Алаштың ардағы. Қазақ әдебиетінің тұлғалы өкілінің шығармалары әр жылдарда Мәскеуден, Ленинградтан шыққан поэзиялық антологияларда жарияланды. Өз еліміздегі «Бес ғасыр жырлайды», «Үш ғасыр жырлайды», «Поэзия пяти веков» атты жинақтарға оның өлең-толғаулары енгізілді.

Айтыс жинақтарынан да тыс қалған жоқ. Ал, ақын шығармашылығы туралы зерттеулер өткен ғасырдың елуінші жылдарында Америка Құрама Штаттарында жарық көрген кітапта көрініс тапты. Ал, ардақты есімі ардақталған соң оның мұрасына қатысты бірқатар мақала шетелдерде жарық көрді.



Биыл Германияның Саарбрюккен қаласындағы «LAP LAMBERT Academic Publishing» баспасынан ағылшын тілінде басылып шығып, «Amazon.com» халықаралық интернет дүкені арқылы оқырманға ұсынылған «Zar Zaman (Time of Lament) Flow in the Kazakh and Kyrgyz Literature: Monograph (Genesis, Typology, Poetics)» («Қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі зар заман ағымы») (генезис, типология, поэтика) атты монографиямызда да Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығына кеңінен орын берілді.

Осындай деңгейдегі ақиық ақынымыздың рухына атыраулықтар өмір бойы құрмет көрсетіп келеді. Ақын мұрасын зерттеуге, кейбір мәліметтер мен деректерді түгендеуге Берік Қорқытов, Сабыр Қазыбаев, Қойшығұл Жылқышиев, Қадыр Жүсіп, Аманқос Қаржаубаев, Қырықбай Бекбаев, Қабижан Сағиев, Ерсайын Көшекөв, Сансызбай Базарбаев, Ғатық Маштақов, Жанаш Нұрмахан, Төлеген Жаңабаев, Исатай Балмағамбетов, Өтепбергелі Әлімгерей, Үмбетияр Есжанов, Дияр Жолаев, Кенжеғали Қаюпов, Тауман Қосшиев, Құспан Есбосынов, Макар Қаражанов, Төлеп Тілегенов, Қадырғали Таңқиев, Өтеп Нұриев, Бақытжан Мұсағалиев сынды жергілікті қаламгерлер мен ғалымдар, өлкетанушылар мен зиялы қауым өкілдері барынша үлес қосты (Аттары аталмай қалғандар болса, ғафу өтінемін). Танымал суретшілер Мұхит Қалимов пен Әділқайыр Жантасов ақынның портретін келіптеді. Бұл азаматтардың бәрі дерлік Мұрат мұрасын зерттеген біздің жұмысымызға қолдан келгенше көмек көрсеткенін айтуды парыз санаймыз.

Мұрат дүниеге келген Қарабау (Қызылқоға ауданы) мен мәңгі тыныстап жатқан Жарсуат (Индер ауданы) – қазақ жырының құдіретін сезінетін әрбір өреннің бір көріп қайтсам деп армандайтын ауылдары. Қасиет қонған Қарабау – Атыраудың жыр-бесігі, Жайықтың Жидебайы. Кеңестік кезеңнің қыспағына қарамастан Мұраттың қабірін тауып, басына арнайы белгі орнатқан ағайынды Бердеш Есбосынов пен Жөкес Кенжеғалиевтің ерлігі ұрпақтан ұрпаққа үлгі болып қалмақ.

Атырау халқы 1993 жылы Мұрат Мөңкеұлының туғанына 150 жыл толуын зор салтанатпен атап өтті. Сол жолы Мұраттың кесенесі орнатылды. Авторы маңғыстаулық белгілі сәулетші – Көпбол Демесінов. Жыл бойы облыс көлемінде Мұрат оқулары өтті. Сол жыл Атыраудағы Мұрат жылы іспетті болды. Сол жылы Жайықтың екі жағы ақын жырларымен тыныстап тұрды...

Енді алдымызда Мұрат Мөңкеұлының 175 жылдығы келе жатыр. Бұл – мемлекеттік деңгейде мән берілетін берекелі белес. Махамбет пен Мұрат секілді аса танымал ақындары бар Атырау бұған, әрине, зор маңыз беретіні анық. Махамбеттің жырын халыққа жеткізген Мұратты ел болып еске алайық, ағайын! Қазір Астана мен Атырауда, Орал қаласында ақын атындағы көше бар. Атыраудағы екі мектеп Мұрат Мөңкеұлының атымен аталады. Мектеп демекші, осыдан бес-алты жыл бұрын Мұқағали туып өскен Қарасаз ауылында болғаным бар. Қарасаз орта мектебінің кез-келген ұланы Мұқағалидың жырларын жатқа оқиды екен. Көзің түскеніне белгі берсең болды, сайрай жөнеледі. Шетінен өлеңге келгенде ағып тұр. Жырдың Жеруығында тербелген Мұрат мектебінің өрендері де ақын өлеңдерін оқы дегенде іркіліп қала қоймас.

Сонымен, алдағы жыл – әйгілі «Үш қиян» толғауында «Садағын сала байланған, Астана жұртын айналған» деп жырлаған Мұратты ұлықтайтын жыл. Олай болса, мұратану мен мұраттанудың мамандарын іргелі істер күтіп тұр.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

«БҮГІН МЕНІҢ
ТУҒАН КҮНІМ,
ОЙ, ПӘЛІ-АЙ!»

5-бет

«АТАМЕКЕН»
ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ
ИГІЛІКТІ ІСТЕР

6-бет

ОРКЕСТРМЕН
ТІЛДЕСКЕН
ДИРИЖЕР

7-бет

«ШЕКСІЗ
КІТАПХАНА»

7-бет



ЕЛБАСЫМЫЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚШ-ҚА САПАРЫ ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесуі өте жоғары деңгейде өтті деуге толық негіз бар. Себебі, Америка президенті елбасымызға айрықша ықылас көрсетіп, Ақудіе кездесу өткізуі бүкіл елдің таңданысын тудырды. Қазақстан президентінің бұл сапары тек қазақстандықтар үшін ғана емес, әлем болашағы үшін де маңызды кездесу болды.

Бұл сапар барысында елбасы бірнеше маселелер бойынша экономикалық, дипломатиялық, өзара келісім, сауда, мәдени, бейбіт, ғылыми келіссөздер жүргізді. Мұның бәрі Қазақстанның жарқын болашағы үшін жүргізілген ауқымды жұмыстар болды. Ең алдымен, Мемлекет басшысының іссапары тікелей Қазақстан мен АҚШ-тың екіжақты қарым-қатынасына қан жүгіртті. Америка президенті Қазақстан мемлекетін өте сенімді серіктес деп атап өтті, әлемдегі супердержава болып есептелінетін АҚШ билеушісінің осындай пікірді айтуы біз үшін үлкен мәртебе. Демек, осындай кездесулер еліміздің басқа мемлекеттер алдындағы беделін, мәртебесін жоғарылататындығы сөзсіз. Сонымен бірге, осы сапар барысында елбасымыз Біріккен Ұлттар ұйымының төрағасы ретінде әлемдік қауіпсіздікті сақтау, ядролық қаруды таратпау, оны жаппай жою мәселесін көтеру негізінде тек қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл әлем халықтарының тыныштығы мен бейбітшілігі жолында ауқымды мәселелер көтерді. Азия елдерінде болып жатқан жағдай оны тұрақтандыру үшін бірігіп жұмыс істеуге шақырды. Шындығында да кез-келген соғыс халыққа үлкен апат алып келеді, ол қоғамның дамуына, нығайып өркендеуіне үлкен кедергісін тигізеді. Тек қана ядролық емес, химиялық, биологиялық, атомдық жалпы адамзатқа қасірет алып келетін қаруларды жою керектігін басты талап етіп қойды.

Сапар барысында Елбасы Қазақстан бейбітшілік орнату жолындағы белсенділігін одан әрі жалғасты-

ратынын атап өтті. Вашингтонның бұған жақсы көзқараспен қарауы – еліміздің атқарып жатқан жұмыстары халықаралық ұйымдар мен АҚШ тарапынан оң бағаланып отырғанын көрсетеді. Осы жерде күнделікті өмір тіршілігінде болып жатқан мына бір көріністі айтқым келіп тұр: «Таңертен үйден шығып, жұмысқа бара жатқанымда кешегі жаңалықтардан көрген оқиға есіме оралды: жарылып жатқан бомба, атылған снарядтар, қирап жатқан үйлер, жақынынан айрылып жылап-сықтап жатқан адамдар, айналаң қап-қара түтін... жаңық түршігеді, осыдан кейін маған мынандай бір ой келді - біз қандай бақытты қоғамда өмір сүріп жатырмыз, біздің өмірімізге ешқандай да қауіп төніп тұрған жоқ». Әрине, мұның бәрі елбасымыздың көреген саясаты арқасында. Елімізде осындай тыныштық пен бейбітшілік орнату үшін ақыл, парасат, білім, көрегендік, «Отаным, елім – менің ардағым» деп соғатын жүрек керек, мұндай қасиеттер біздің президентіміздің өн бойында бар. Жарты ай ішінде еліміз БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде жаңа және пайдалы жұмыстар атқарды. Әлемдік қауіпсіздікті сақтауды бір ғана мемлекет күшімен шешу мүмкін емес, сондықтан да ұйым мүшелерінің қолдауымен, бірігіп жұмыс істеуімен әсер береді. Елбасымыздың бұл сапары орасан зор нәтижесі бар, өте жоғары деңгейдегі сәтті сапар болды. Қазақстан Республикасының тарихында тарихи маңызы бар оқиға болғандығы шындық.

Қалдығұл ТАСБОЛАТОВА,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінің оқытушысы, магистр



ТҮРКИЯДА ШЫҒАТЫН ЖУРНАЛ БІР САНЫН ЕСЕНҚҰЛ АҚЫНҒА АРНАДЫ

Түркияда шығатын «Бауырлас қаламдар» журналы ақпан айындағы санын ақын Есенқұл Жақыпбекке арнады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен, Еуразия Жазушылар қауымдастығына қарасты «Кардаш қаламлер» журналының ақпан айындағы саны Мәдениет саласының үздігі, ақын Есенқұл Жақыпбектің шығармашылығына арналды.

Журналға ақынның көзі тірісінде жазған «Өмірімді өлеңсіз елестете алмаймын», мақаласы мен Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлының «Тәңір таудың дауысы», Еуразия Жазушылар қауымдастығының төрағасы Якуб Омарғұлының «Махаббатты сүйген ақын» және ақын Атаман Каледозон ханымның «Өлең, өлең, өлеңмін мен» деп жырлайды Есенқұл Жақыпбек», Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрметті президенті, генерал-майор Қайрат Сатыбалдыұлының «Елін сүйген, елі сүйген ақын», жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Ақын Есенқұл», ақын Кәдірбек Құныпияұлының «Мәңгілік із» атты мақалалары енген. Сондай-ақ, басылымға Есенқұл Жақыпбектің топтама өлеңдері мен фотошежірелері енді. Материалдарды түрік тіліне аударып, дайындаған дипломат-жазушы Мәлік Отарбаев. Есенқұл Жақыпбеков - 1954 жылы 10 ақпанда Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Бірлік ауылында туған. Еңбек жолын мектеп бітірген соң аудандық газет редакциясында бастады. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Ол ұлы Жамбылдың жырарлық мектебінің лайықты түлегі, көрнекті өкілдерінің бірі ретінде жастайынан-ақ елге кеңінен танылды. Айтыс аламында отыз жылдан астам уақыт тер төгіп, телевизиялық айтыстың тұңғыш жеңімпазы атанды. Есенқұл Жақыпбектің Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова және қырғыз ақыны Әшірәлі Айталиевпен болған сөз сайыстары айтыстың классикалық үлгісі ретінде есте қалды. Қалам мен домбыраны тең ұстаған ақын көп жылдан бері



өнерлі жас жеткіншектерге дәріс беріп, қанаттарының қатаюуына зор үлес қосты. Өмірінің соңғы жылдарында алғашқы жырларын оқырманға жария еткен аудандық «Атамекен» газетінің бас редакторы болды. Саналы ғұмырын әдебиет, журналистика саласын дамытуға арнап, ұлтжанды, намысшыл, мамандығына адал жан екендігін дәлелдеді. «Қарлығаш», «Бастау», «Біз екеуміз», «Ағымнан жарыламын», «Жерге табын», «Жанқисса», «Есіл дүние-ай», «Біздің елдің жігіттері», «Бұл жаз да өтер», «Жетісу жырлайды», «Сарғайған сары терезе», «Тау басында кәрі қар», «Тазқара құстың тағдыры» сынды оннан аса кітаптары оқырман жүрегінен жол тапқан. Екі жүзге жуық өлеңдеріне ән жазылды. «Қара күз», «Алдай-ау», «Жұлдыздар бәрін болжайды», «Тұманды күн» сияқты жиырмаға жуық ән шығарған композиторлық қыры да халық арасына кеңінен тараған.

ЖЕТІСУЛЫҚ СПОРТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласында Алматы облысының үздік спортшыларына құрмет көрсетілді. Салтанатты кездесуде облыс әкімі Амандық Баталов спортшыларға марапаттар тапсырып, жаңа жеңістер мен биік белестер тіледі.

Облыс әкімі А.Баталов өзінің кіріспе сөзінде мемлекет қолдауының нәтижесінде өңірде спортты дамытуға барлық қажетті жағдайлар жасалып отырғанын атап өтті. Мәселен, өткен жылы дене шынықтыру және спорт саласына жергілікті бюджеттен 8 млрд. теңге қарастырылса, биылғы жылы бұл сома 14 млрд. теңгеге жетіп отыр.

– Спорттың қоғамда алар орыны ерекше. Себебі, спорт – ұлт мерейі, рухтың күштілігінің кепілі. Тәуелсіздік алғаннан бері көк байрағымыз көптеген халықаралық жарыстарда биікке көтерілді. Бұл Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ-ТЫҢ спортқа жасаған қамқорлығы мен спортшыларымыздың, бапкерлердің, осы сала мамандарының маңдай терінің жемісі. Отандық спорттың дамуына жетісулық саңлақтар да мол үлес қосуда. Жерлестеріміздің жарқын жеңістері күн санап артып келеді. Біз де өз тарапымыздан спорт нысандарына күрделі жөндеу жасауға, құрылысын жүргізуге, материалдық-техникалық базасын нығайтуға барынша қолдау танытып келеміз. Бұдан былай да бұл қолдаулар жалғасын табатын болады. Сіздерге мықты денсаулық, талайым табыс, үлкен жеңістер тілеймін, – деген А.БАТАЛОВ одан әрі марапаттау рәсімін атқарды.

Атап айтқанда, өткен жыл қорытындысы бойынша Альберт Линдер, Карина Горичева, Демеу Жадыраев үздік спортшылар атанды. Спорттағы ерен еңбектері үшін оларға дипломдар мен әрқайсысына 700 мың теңгенің сертификатты берілді. Бұдан өзге 28 спортшының жыл ішіндегі жетістіктері үшін 150 мыңнан 400 мың теңгеге дейінгі сертификаттар ұсынылды. Олардың қатарында Ольга Пастухова, Анатолий Савельев, Жандос Исмаилов, Бегарыс Садуақасов, Алена Станская, Ұлан Рысқұл, Бейбіт Назаров және басқалары да бар.

Жаттықтырушылар құрамы да назардан тыс қалған жоқ. Жылдың үздік жаттықтырушылары болып Сергей Седов пен Боранбек Қоңыратов танылды. Сонымен қатар шәкірттері жеңіс тұғырынан көрінген 20-дан астам бапкерлердің де еңбегі аталып өтілді. Олар – Алексей Клиновитский, Әбілқайыр Байбосынов, Манат Таласпаев, Азамат Балпықов және т.б.

Кездесу барысында облыстағы үздік спорттық мекемелерге де марапаттар берілді. Солардың ішінде Талдықорған қаласындағы №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі алдыңғы қатарда деп танылып, 500 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

«Үздік спорттық федерация» аталымында облыстық грек-рим күресі, еркін және әйелдер күресі федерациясы қара үзіп шығып, 500 мың теңге ақшалай сыйлықты иеленді. Ал «Үздік кәсіби клуб» атағын «Бесарыс» көгалдағы хоккей кәсіби клубы жеңіп алды.

Сондай-ақ спорт тақырыбына төселген тілшілер, фототілшілер, тележүргізушілер, бейнеоператорлар, блогерлердің де еңбегі елеусіз қалған жоқ.

Марапатқа ие болғандар атынан Талдықорған



қаласындағы № 1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Владимир Дроздов, облыстық «Жетісу» газетінің журналисі Ришат Тұрғанбаев, дзюдодан ҚР спорт шебері, жастар арасында дзюдодан өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Абиба Әбужақынова, «Қазақстан Барысы - 2017» республикалық турнирінің күміс жүлдегері Ұлан Рысқұл және дзюдодан ҚР спорт шебері, Азия чемпионатының жеңімпазы Камила Берліқаш сөз сөйледі. Көрсетілген жан-жақты қолдаулар үшін ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да жерлестерін, республика халқын үлкен жеңістерімен қуантуға бар күш-жігерлерін жұмсайтындықтарын айтты.

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі А.БАТАЛОВ:

– Сіздерді бүгінгі марапаттарыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Биылғы жылы да жеңісті жолды жалғастырып, түрлі жарыстардан алтын, күміс, қола медальдармен оралатындыңызға сенемін. Сіздердің спортта одан әрі шыңдалып, чемпион болуларыңыз үшін біз қолымыздан келген қам-қорлықты жасаймыз. Өздеріңізбен осындай жылы жүздесуді жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастыратын боламыз, – деді.

Жалпы Алматы облысында қазіргі кезде 3439 спорт нысаны жұмыс істейді. Олардың саны жыл сайын артауда. Мәселен, өткен жылы Райымбек ауданының Нарынқол ауылында, Қарасай ауданының Жалпақсай ауылында футбол алаңдары салынды. Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы спорт мектебі, «Жетісу» кәсіпқой футбол клубы базасы күрделі жөндеуден өтті. Биылғы жылы құрылыс жұмыстары бытыр басталған бірнеше нысан - Райымбек ауданының Кеген ауылында, Талғар және Қаскелең қалаларында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бой көтереді. Сонымен қатар, Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында және Қарасай ауданының Шамалған ауылында шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы жоспарлануда. Оған қоса биыл Талдықорған қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың оқу ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2017 жылы Алматы облысының спортшылары түрлі деңгейдегі 1345 медаль жеңіп алды (495 алтын, 372 күміс, 478 қола). Өткен жылы 1 ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, 18 халықаралық санаттағы спорт шебері, 132 спорт шебері, 648 спорт шеберлігіне кандидаттар мен 381 бірінші разрядтағы спортшылар дайындалды.

Адамның иммундық тапшылық вирусы саналатын ЖИТС індетінің бастауы – АИТВ жұқпасын қоғамда тек нашақорлар мен жеңіл жүрісті адамдар ғана жұқтырып, қандай да бір жетістікке жетуіне кедергі болады деген ұғым қате болып табылады. Мысалға: АҚШ композиторы және ақыны Джерри Герман 1931 дүниеге келген. Атақты «Хелло, Долли» мюзиклінің авторы өзінің АИТВ жұқтырғанын 1985 жылы білген. Ал 2010 жылы Герман Американың мәдениетіне қосқан үлесі үшін Кеннеди орталығының марапатына ие болды.

АИТВ/ЖИТС-ТІҢ БИЗНЕСКЕ ӨСЕРІ БАР МА?

АИТВ жұқтырған Америкалық фотограф және жазушы Мэри Фишер 2006 жылдан бастап БҰҰ-ның АИТВ және ЖИТС (ЮНЭЙДС) бағдарламасы бойынша ізгі ниетті елшісі және осы саладағы зерттеулер мен білімге арналған қорын басқарады.

Светлана Изамбаева АИТВ жұқпасын жұқтырған «Мисс Позитив» сұлулық байқауының жеңімпазы. 2005 жылы ол өзінің АИТВ мәртебесін ашық жариялады, әр түрлі қиындықтарға қарамастан, оған өз құқығын қорғауға және АИТВ-сі оң басқа адамдардың мәселелерін шешу оңай болды. Светлана - белсенді азаматтық ұстанымы бар адам, ол АИТВ жұқпасымен ауыратын әйелдер үшін арналған клуб және қайырымдылық қорын басқарады. Байқаудан кейін ол тұрмысқа шығып, екі балалы болды.

Ағылшындық Крис Смит - жоғары дәрежелі саясаткер. 1997 жылдан 2001 жылға дейін К.Смит Ұлыбританияның мәдениет министрі болған. 1987 жылы өзінің АИТВ дәрежесін біліп, көп уақыт бойы бұл ақпаратты құпия сақтап, тек 2005 жылы ғана АИТВ жұқтырғаны туралы мәлімдеме жасады. Осыған қарап АИТВ адамзаттың қандай да бір өнерде болсын, оқуда немесе кәсіпкерлік саласында немесе өзге де салаларда

жетістікке жетуіне еш кедергі тудырмайтынын көруге болады.

Егер сіздің ортаңызда немесе ұжымда АИТВ-сі оң адам болса, тұрмыстық жағдай барысында ол азамат еш қауіп-қатер тудырмайтынын (қол алысқанда, жөтелгенде, түшкіргенде, бассейн, монша, әжетханаға барғанда, ыдыс, киім, төсек арқылы) білгеніңіз жөн. Себебі АИТВ-ның жұғуы тек үш жағдайда іске асуы мүмкін:

- сақтанбаған жыныстық қатынастар кезінде;
- парентеральды жолмен: қанмен және оның құрауыштарымен шырышты қабықтың, терінің тұтастығы бұзылған жағдайда;
- анадан балаға: бала көтергеннен бастап босану кезінде және ана сүтімен емізу кезінде.

АИТВ жұқтырған азамат ұжымға еш қауіп төндірмейді. АИТВ жұқтырған адамдар өздерінің тікелей фирмаларына, кәсіпорынға, жалпы қоғамға және бүкіл экономикаға пайдалы болып табылып, сіздің де кәсіпкерлік табысыңызға зор үлесін қосуы мүмкін.

Д.ИБРАИМОВ,
Алматы облыстық ЖИТС орталығының эпидемиолог-дәрігері



КӨКТЕМ – ГҮЛДІҢ, КӨСЕМ ЕЛДІҢ БАҒЫН АШАДЫ



Әйгілі Сұраншы батыр Іле бойына келген 20 казак орыстарды суға түсіп жатқан жерінен күтпеген жерден басып ұстап, тұтқындап Үлкенсазға алып кетіпті. Ел-жұрты «Олжа аламыз» деп солай ағылыпты. Олжа деп тұтқындарды сұрап алып, Жібек жолында ары-бері өткен кіреші-керуеншілерге сатып жібереді екен.

Сарыбай би мен Сәке екеуі мұны естісімен солай асығыс жолға шығыпты. Жол-жөнекей екеуі ақылдасып, кеңесіп бір тоқтамға келіпті.

Талаптының тақымы тасқа шеге қағады емес пе!

Үлкенсазға жетісімен Сарыбай қасында Сәкені алып Сұраншы батырмен үшеуі ұзақ сөйлеседі. «Бұл орыстарды маған бер. Қара топандай бұлармен жауласып, кектенсек түбіміз жақсы болмайды», – деп батырды әзер көндіреді.

Сарыбай би күнде бір сиыр сойып беріп, әлгі қолға түскен жиырма орысты бөлек күтеді. Жиырма шақты күн Сәке де орыстармен әбден араласып, зерек жігіт орысша үйрене бастады, бауыр басып қалады. «Іленің арғы бетінде зеңбіректері бар мұздай қаруланған қалың орыстар келе жатыр» деген хабарды естіп, Сарыбай тұтқындағы казактарды тұтас өз киімін кигізіп, қарсы алуға аттанады.

Бұлар жеткенде барабанын дүңкілдетіп, кернейлеткен орыс солдаттары бергі бетке өтіп, бекініс жасап, зеңбіректерін оқтап, әзірейілдей дайындалыпты.

Сонда Сарыбай қасына Сәкені алып, тұтқындағы арасында бір офицері бар үш казакты ертіп, қасқайып қарсы барыпты. Аналар аң-таң дүрбімен қарап тұрыпты.

Үш казак орыстарға жетісімен жылап көрісіп, енді дереу Сарыбай мен Сәкені көрсетіп, істеген жақсылықтарын айтыпты.



Сарыбай да қосынына қайта келіп қалған 17 тұтқын орысты және олардың түйеге артылған бүкіл қару-жарағын әкеліп түгел тапсырыпты.

Орыс ұлықтары бұларды Қапалға алып жүріп, ерекше күтіп, сый-сияпат беріп қайтарыпты. Сарыбай Айдосұлының бұл игі ісін дереу Орынборға генерал-губернаторға тәптіштеп жазып жіберіпті.

Міне, содан бастап Сарыбай Айдосұлы қазақ даласына кеңінен еніп келе жатқан патша ұлықтарымен етене араласып, айтақанын өткізетін әйгілі биге айналды.

– Не тілегіңіз бар, бәрін орындаймыз, – дегенде, бытырап тарап кеткен Екей елін жинап, өз жеріне қоныстандыруды сұраған екен. Сарыбай би осы көрегендігі мен қайрат-жігерінің арқасында жан-жақтан іздеп, сұрап жүріп жиырма бір ата Екей елін жинап, Алатау бөктеріне көшіріп әкеп, жер кесіп беріп қоныс-тандырады.

Сарыбай би – Жетісудағы төрт төбе бидің біреуі еді. Ол кездері Жетісуға Аягөзден Ыстықкөл, Таласқа дейінгі алқап түгел қарайтын. Тайторы Сәке Сарыбай бидің сенімді серігі, оң қолы болып, қасында жүріп, көп үйренеді.

Сәке нағыз дегенбай жігіт шағында Сұраншы батыр сарбаздарымен бірге Ұзынағаш шайқасына қатысып, қоқандықтарды орыстармен бірге қуып соғысып Тоқмақ, Меркі, Сайрамға дейін бірге барады.

Сұраншы Сайрамда жау қолынан қайтыс болғанда, одан әрі кек алып оларды Ташкенттен де қуып шығып, бүкіл оңтүстікті азат етіп қалтуға қатысты. Бұл майдан жорығы Сәкені көп есейтті, талай-талай елі мен жері үшін құрбан болған замандастарын жерлеп тұрып, жауларына деген кегі қатайды. Жасынан қоқан бектерінің істеген небір зулымдық, қоқан-лоқыларын көріп-естіп өскен ол бұл жорықта Сұраншыдай айбынды батыр ағасынан, көптеген баһадүр боздақ бауыр,

достарынан айырылып қайтты. Соңғы демі үзілгенше сол ел-жұрты үшін шейіт болғандарға арнап үнемі құран бағыштап, дұға оқып отыратын болды.

Жасынан ауызы дуалы айтулы би Сарыбай Айдосұлы 1890 жылы көкек айында қайтыс болып, келесі жылы жазда Үлкенсазда алты алашқа сауын айтқан атақты асы беріледі.

Ендігі бір келелі әңгіме – Сарыбайдың асына Майкөт ақынның келуі және оның Жетісудың жетпіс жеті игі жақсыларына сәлем берген атақты өлеңі, ел-жұртқа көңіл айтқан жыры хақында болмақшы.

Қазақстанның халық ақыны, тоқсанның төріне

келген Әсімхан Қосбасаров бұл жөнінде былай деген еді: – Атақты Сарыбайдың асынан бір жыл бұрын Жетісудағы Сәт болыс Майкөтке асқа келер-келмесін, келсе, Жетісудың барша саңлақтарына өлеңмен сәлем беруге қалай екенін сұрап хат жазады. Көп ұзамай-ақ Майкөттен бұл ықыласты қабыл алатыны, асқа келсе сәлем беруге дайын екендігі туралы жауап хат та келеді.

– Бұл хатты жазу себебім, екі жаққа пайдалы іс болайын деп тұр. Сондықтан мен үшін ғана емес, өзін үшін де керек. Аста мынадан бастап мынадан аяқтайсың айтатыныңды. Бегзадалығы, байлық мырзалығы мынадай. Ата тегі мен қазіргі ел арасындағы беделі мынадай, – деп тізіп екінші хатты және жібереді.

Майкөт қорқор тартатын, өте сыпайы, киімді талғап



киетін талғампаз, оқуы жетік, білімдар ақын болған. Руы Ысты.

Сонымен атақты Сарыбайдың асына жиналған бүкіл игі жақсылар алдында өлеңмен сәлем беретін оңтайлы сәтті тосқан Майкөт, атқұмар қазақ сәйгүлігін күтетін

Сәттің әуелден қолы ашықтығын білгенмен, мынадай орасан мырзалық жасайды деп қапелімде ешкім ойламаса керек. Айқым руының дәулеттісі Тоқшабай тұрып: – Мына қызынды ұрайын Сәт бір қылықты қылды-ау, – деп күбір ете түссе, оның қасында отырған Тілеуғабыл Үсенбай болыс: – Қылықты қылды дегенше, шу түсірді демейсің бе, – деп орнынан тұрып кетіпті.

Мырзалықтан мырзалық асырмаса, қазақ қазақ болған ба? Айқым Тоқшабай өз жігітін дауыстап шақырып алып, елдің көзінше:

– Қара нардың үстіне қара кілем жауып, Майкөттің алдына тоғыз тарт. Өзі үйден шай ішіп, жеңгелерінің мырзалығын көріп аттанар, – дейді. Мұны естіген байлар мен бектер қайтіп шыдап отырсын. Мырзабек Құдайберген қызба мінезді адам екен:

– Әлгіге айт, сары айғырдың үйірін айдап әкелсін. Майкөттің сәлеміне тартуым, – депті.

Сонда Тайторы Сәке дүйім жұрттың алдына шығып:

– Сарыбай би ағаның батасын алып, көп жақсылығын көріп едім. Майкөт аға сізді ауылыма арнайы шақырамын, келіп қонақ болаңыз. Өзіңізге ішіндегі жиһазымен бір үй және бір үйір жылқы беремін, – депті.

Бұл асты Қосай шешен басқарып, айтқандарын жазып, хатқа түсіріп алыпты. Сәке Қосай шешенге көмектесіп ас біткенше тік тұрып қызмет етіпті.

Майкөт өлгенше былай деп айтып жүріпті: «Сарыбай тірлігінде де мырза еді, асында да маған мол олжа



әкелді. Қызыр қонған, қыдыр шалған қасиетті қызыл жолбарысы би ғой ол».

Бұл астағы бәйгесіне 300-ден аса жүйрік қосылды. Аспанқораның арғы беті, Көктабеде сөре белгіленді. Қорым тастар жиналған “Сарыбай сөресі” бұл жайлауда әлі тұр.

Бәйге аттары Жауырдан, қазіргі Қасымбек ауылы-нан жіберіліп, сол Көктабеде күтіп алынған.

Сөреге бірінші болып Сарыбайдың Бозтанауы келе жатқанын көріп, қырғыз манабы Шәбден айқай салыпты:

– Оу, көзің тірінде Сарыеке, бас бәйгені қашан бересің дегенде, “Менің асымда аласың” дегенің қайда? Әруақ! Әруақ! Әруақ! – деп үш рет айқай салғанда сөреге қырық құлаштай ғана қалған Сарыбайдың Бозтанау жүйрігі сиырдың жапасына тайып жығылып, тұра алмай қалыпты. Бірінші болып Шәбден манатпың Қарақасқа жүйрігі келген. Бас бәйгеге алдына атан түйе бастатқан төрт түлік малдың әрқайсысынан тоғыздан және тайтұяқ сары алтын беріпті.

Міне осы бәйгеде Сәкенің екі жүйрігі қатарласып екінші, үшінші болып келіпті.

Елу атқа бәйге беріліпті, ең соңғы елуінші болып келгенге тана бұйырыпты. Жалпы бұл өңірде бұған дейін осындай улан-асыр ас, бәйге берілмепті.

Сәке осы бәйгеде алған олжаны түгелімен Тайторы еліне тұтас бөліп бергенін ел әлі күнге дейін аңыз қылып айтады.

Сүйінбайдың мына бір ауыз өлеңі Сәкені ерекше бағалайтынын танытады.

Ұл тумас Тайторының Сәкесіндей,
Ақ нардың тіп-тік біткен өркешіндей.
Қатарынан мойны озық, сөзі дәмді,
Мың қойды жалғыз бастар серкесіндей, – деп
Сүйінбай ақын Сәкенің ел үшін істеген шапағатты істеріне сүйсініп жырына қосыпты.

Ал, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі кезінде Тайторы Сәке Ниязбекұлы ақ сақалы желбіреп, көзінен алты тарам жасы ағып, ел жұртшының алдында тебірене, егіле сөйледі, ақсақалдық абыздық ірілік танытты.

– Біз бірде бір жанды соғысқа бермейміз. Тірі болсам жеріміз бір, өлсек көріміз бір ел-жұртыммен



қашанда біргемін, – деді ақалтеке айғырының мойнын қаздай иілтіп, үстіне ақ шапан киіп, алғашқы күннен ауыл ауылды аралап кетті.

Жан-жақтан дүрліккен, үріккен жұрт қатты сасқанда ел бастар адамдарына қарайды. Бүкіл Қараарша, Шиен, Бұғымүйіз, Бесмойнақ ақсақалдары Сәке шаңырағына жиналып, мәжіліс құрды.

«Үшқоңырда Бекболат Әшекеұлы қол жинап, өліспей беріспейміз дегендер осында жетсін» деген хабар ду ете түсті.

Сәке сайдың тасындай жігіттерді бар қару жарақ, мініс аттарымен топтап, өзі бастап Үшқоңырға аттанды. Үшқоңырда жиналған жұрт Бекболат Әшекеұлы ақсақалды ақ киізге отырғызып, хан көтерді.

Үшқоңырға келіп, Бекболат Әшекеұлын құшақтап тұрып Сәке былай депті:

– Беке! Ұлытарқтай болса да – ата қоныс жер қымбат.

Ат төбеліндей болса да туып-өскен ел қымбат. Мұндай кезде тыныш жата алмадым. Міне, 300 жігітке кебінін кигізіп, өзіміңіз асыл тұқымды жылқыларымынан ұстап мінгізіп, бір сапқа тұрғызып, алып келдім. Еліміз үшін жан қисақ көріміз бір, жеңіп шықсақ шығар тауымыз бір деп қол астыңа келіп отырмыз – дегенде Бекболат батыр тебіреніп кетіпті:

Сені Сәке – дана дейді,

Ел-жұртына пана дейді.

Жауға салса батырымсың,

Дауға салса ақылымсың.

Елі үшін жанын тіккен,

Асыл ер жақынымсың.

Сәке болыс, Сәке би, Сәке батыр деген даңқың бар.

Соңында қарақұрым тыңдайтын халқың бар. Ер айтса – ел айтқаны, елдің қамын жеп айтқаны. От ішінде туғандар өрттен қорықпайды. Қайран асыл ерлерім қырандай ұшып келген екенсіңдер ғой. Жау жеңетін жігітті – жарағынан танысың. Дау жеңетін жігітті – талабынан танысың. Өне Жамбыл жырау, Үмбетәлі ақындар күндіз-түн ат үстінен түспей жырларын айтып, жігіттерді шарболаттай шыңдап, қайрады. Қордайда Әли батыр қол бастапты, Қарқара түгел көтеріліпті. Белің бүгілсе де елің бүгілмесін. Кел қасыма оң жағыма отыр. Кеңесіп-пішер ақылдасар жайттар көп, – деп жанына әкеп отырғызады.

Қастектегі Тілеу, Жарылғапты бастап, Сатай , Екей балаларын жинап Мақш Райымбекұлы келіп қосылды. Сай ішінде ұсталар қылыш, найза жасауға кірісті, жігіттер соғыс өнерін үйрене бастады. Беймағлұм аласапыран қиын қыстау күндер жылдай созылып өтіп жатты.

Тайторы Сәке болыстың есімі мен игілікті ісін ел есінде қалдыруда әлі атқарылар істер көп-ақ.

«Тайторының бар баласы – менің балам», – деген ер Сәкенің ұрпақтары арасынан елге танылған атақты азаматтар көптеп саналады. Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев, республикамыздың бас прокурорының бірінші орынбасары генерал Ғизат Нұрдаулетов, Кербұлақ ауданының әкімі Бағдад Әлиев, қоғам қайраткері, Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты Әскербек Абаев, еңбек ардагерлері Нәркен Қалыбеков, Тұрсынбай Бірімқұлов, белгілі кәсіпкер-меценат Жұмабай Тәжібаев және басқа да тұлғалы жандар Қазақстанның эконоимикасы мен мәдениетін көтеруде елеулі істер атқаруда.

Ел тұтқасы болған Сәке Ниязбекұлының туғанына 175 жыл толып отыр. Осыған орай ел-жұрты, ұрпақтары Сәкенің ел үшін атқарған игілікті істерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу жолында игі шаралар белгілеуде.

Елім, жерім деген ардақты тұлға Сәке Ниязбекұлы есімі ел есінде мәңгілік сақталатыны хақ.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,

жазушы

Суреттерді түсрген Ахан ҚОШҚАРБАЕВ



БІЗ ОЛАЙ КЕЛІСПЕГЕН ЕДІК...



Аубакиров Нұрбол Келекеұлы, 1968 жылы қараша айында туған.1986 жылы 21 қарашада Алматы облысы, Ұйғыр аудандық әскери комиссариаты тарапынан армияға шақыртылған. Шыршықтағы оқу жаттығу бөлімінде байланысшы мамандығын меңгерген. 1987 жылы ақпаннан 1989 жылдың 16 қаңтарына дейін Ауғанстандағы Кеңес әскері шектеулі контингентінде қызмет еткен. «Жауынгерлік қызметі үшін» («За боевые заслуги») жауынгерлік медалімен және бірнеше Отандық медальдармен наградталған. Қазақстан Қарулы Күштерінде станция бастығы лауазымында қызмет етіп, 2012 жылы зейнетке шыққан.



Бұл жерге бір келіп кеткен ем. Той болатын мейрамхананың алдында кісі қарасы көрінбейді, әлі есігі де ашылмаған. Сұрап білгенім, сағат тоғыздарда ашылады екен. Жетіге шақырған қонақтардан екінші айналымда да есікке телміріп қалған тек мен ғана болсам керек. Мәшинеден екі үй әрідегі досымның ауласына қарап отырмын. Өзін сағынып, көргім келіп-ақ тұрғаны. Алайда оған деген өпкем бар. Алғаш оны іздеп келгенімде, үйінде болмай шықты. Балалары осы көшенің бойына орналасқан әскери бөлімдегі кезекшілігіне кеткенін айтты. Тексеріп өткізу пунктіне келіп, ондағы сержанттан телефон арқылы шақырып беруін өтінгем. Ол мені көргеніне балаша қуанды. Командирінен рұқсат сұрайтынын айтып, жібергісі келмеді. Кезекшілердің көнбегеніне қоймай, қақпаны аштырып, мәшинемен ішкеріге кіргізді. Сағыныш оты лаулап тұр. Лауламағанда ше? Нұрбол менің көңілімнің төріндегі, әскерде қызметтес болған жақын адамдарымның бірі емес пе. Дос дегеннен гөрі бауырға жақындау. Екеумізді бауырмал еткен ауған даласы еді.

Парван провинциясындағы жанар-жағармай қоймасында менен жарты жыл бұрын қызметін бастапты. Заставаға келіп тұратын Зуич деп атап кеткен жігіттен онда бір қазақ жігітінің бар екенін естіп, дереу шақыртқан едім. Ертесі-ақ жетіп келді. Таныстық, достастық сосын бауыр болдық. Шет жұртта біз екеуміздің басқа таңдауымыз да жоқ еді. Содан кейін кездесуіміз жиілей бастады, көбіне Зуичпен немесе оның қасындағы аты-жөні есімнен көтеріліп қалған жігітпен бірге келетін. Ол жігіт те, Зуич те гитараның құлағында ойнайтын. Ондай кезде заставадағы ән шырқалатын. Автоматты құшақтап, білгенімізше әнге қосылатынбыз. Өздері әкелген самогоннан ұрттаған соң, жігіттер оларды жібергісі келмей қалатын. «Мүмкін бүгін соңғы әнді тыңдап жатқан шығармыз» деп қалжың аралас өз ойларын айтып қалатын. Уақытының кешеуілдеп қалғанына қарамай, олар біздің көңілімізді қимайтын. Кей әндерді бірнеше қайталап шырқайтын. «Фронтовой» елу граммнан соң айтушы да, тыңдаушы да ашылып-жарылатынбыз, әскери рух көтеріліп, бізге еш нәрсе қорқынышты емес еді.

Әскери операциялардан соң біз бір-бірімізді іздейтін болдық. Бірінші кезекте соғыстағы адам шығынын, қай бөлімнен қай жақтың жігіттері қайтпай қалғанын білуге асығатынбыз. Аман-есен оралып, көріскенімізге құанатынбыз. Бір тапсырмадан соң Нұрбол Аубакиров «Жауынгерлік қызметі үшін» медаліне ұсынылды. Ерлігінің еленгеніне риза болдық.

Жерлесім арқылы мен алматылық Фархатпен таныстым. Ал, оған Жәркенттің Алтыүйінен келген Анарбек Байысбековтің қызмет орынын айттым. Баграм

аумағының шетіндегі күзет постымызға жерлестер іздеп келгенде, бөтен адамның кіруіне тыйым салынғаны естен шығып кететін. Мина, дыбыс, жарық шығаратын қондырғылар орнатылған жерлерді олар да жаттап алған еді. Бір-бірімізден алшақ, бөлек-бөлек бөлімдерде болсақ та, амалын тауып, хабар алысып, жолығысып тұрдық...

Біз Шонжыда Нұрболдың кезекшілік орнына келуіміз сол-ақ еді, алыстан жердің шаңын бұрқыратып бір «уазик» жетті. Одан шыққан офицер айқайға басып, оны сөгіп қоя берді. Демесе де, бөтен көлік бірден көзге түсетін.

– Қызыл көлік сені қып-қызыл зиянға ұшыратты,



деймін оған. Кабинадан шықпай отырып байқағаным, әскери объектіге бөтен адам кіргізгені және көнбегеніне қоймай рұқсат алып, жұмыстан босап шыққаны үшін бірнеше нарядты арқалады. Әйелі Мәдинә сол жерде әскери қызметші екен, оны сабырға шақырып, уайымдап жүрді. «Қанды көйлек досым келіп тұр» деп қоймағанына не дерсің. Әскерден соң Нұрболға бұл бөлімшеге орналасу оңай болған жоқ. Хат жазған соң, Қорғаныс министрі өзі араласқанын білем. Енді міне, қызметіне немқұрайдылықпен қарағанына мен себепкер болып тұрмын.

– Қоя бер, сені көрмегенің неше жыл болды? Қалаға кетіп жоғалдың, – деп өз сағынышын білдірді. Оны аз деп, мәшинемнің көрімдігіне бір қой атады. Бұл жолы біз кафеде отырып, өткен күндерді еске алдық.

Бұдан кейін де неше мәрте келдім. Бірде жұмыста, бірде Сүмбеде, енді бірде ішіп қойып, дем алып жатады. Үйіне ұялы телефон номерімді қалдырсам да, ешқандай қоңырау келмеді. Жаңағы айтқан ренжуімнің себебі осы ғой.

Араға жылдар салып, тағы да, оның көшесінде, үйінің алдында тұрмын. Кенет ол сыртқа шығып мен таман қарады. Мәшинеге жақындап келіп таныды. Көлік терезесін түсіріп амандасқанымға аң-таң.

– Неғып отырсың? Үйге жүр, – деді.

– Жоқ!- деймін мен.

– Неге?- Нұрбол бір түрлі түсінбей тұр.

Бүгін мейрамханаға келгенімді айтып, оның шақыруына бірден келісе қоймадым. Нұрболды іздеп неше мәрте келгенімді, өзінің бір рет те хабарласпағанына қара қазандай өкпемді жайып салдым. Не айтсам да көтеретініне сенімді болғандықтан ғой бұл. Артынан естімеген болса, келгенімді айтпағаны үшін үйіне кіріп бүлік шығармаса еді деп те ойладым.

Ол маған тойдың тым кеш басталатынын айтып, үйіне кіруге көндірді. Аудан орталығы болса да, бұнысы қызық екен. Дастарқанға шәй келтіріліп, Мәдинә лезде ет тұрап, картоп аршуға кірісті. Қуырдақтың иісі лезде үй ішіне тарап кетті. Барын төгіп, жүгіріп жүр. Стол үсті лезде құрт-май, бауырсақпен әрленді. Нұрбол мені көргеніне мәз болып, әйеліне айтып-жарылып отырды. Дастарқанға жақындаған балаларына да мақтап қоймайды.

– Елу грамм қалай?- дейді.

– Рақмет, қойып кеткем.

– Олай келіспей едік қой?

Шындығында біз олай келіспеген едік. «Әскерден соң не істейсің?» деген сұраққа, сарбаздардың берер жауабы ұқсас еді: «Арақ ішемін!». Әсіресе, әзібайжан жігіті Махир Әлімевті сөйлетеуге құмар едік.

– Арақтан соң ше?

– Тағы ішемін.

– Одан соң?

– Қыздарға барамын.

– Қыздар шықпаса ше?

– Тағы да ішемін, – деп күлдіретін Махир. Ол жарықтықты табуға қанша тырыссам да, нәтиже шықпады. Тек соңғы кездері ғана Таулы Қарабақтағы оның тұрған ауылы қазір армян басқыншыларының қолында қалғанынан хабардар болдым. Бізге оның тек аман болғаны керек.

Біздің заставка жиі айтылатын бұл диалогтың сәл өзгертілген түрін «9 рота» кинокартинасынан да көруге болады. Демек, бәрі келісіп алғандай, «ішеміз» деген біз ғана емес сияқты.

Әскерден соң Келеке атаның шаңырағында ақтан ұрттағанымыз бар. 1989 жылы Ұйғыр ауданының Ауғанстанда қызмет еткен жігіттерін Шонжыдағы бір жиналысқа шақырды. Одан соң екеумізді колхоз бастығы Кемал аға Әденов өзі «уазигіне» отырғызып, Сүмбеге алып кеткен еді. Мамамның менен хабар алу үшін оның аулына барып, Нұрболды көріп, шәйге қарамай-ақ дереу кері қайтқанын Анархан ападан сонда есіттім. Кейін білгенім, «Ауғанстаннан Сүмбенің бір жігіті келіпті, сіздің ұлыңызды таниды екен», дегенді ести сала шешем бар жұмысын қойып жолға шығады. Сұңқардан жол-жөнекей көліктермен ауданға келіп, ауыл автобусына үлгеріпті. Үлкен ағамның автопаркте гараж бастығы екенін айтқан соң, жүргізуші тұра Келеке ағаның үйіне апарады. Ұлының амандығын, аз күнде оралатынын біліп, Нұрболды құшақтап сүйіпті. Шопыр шешемнің көз жасын орамалына сүртіп шыққанын көріп, қатты уайымдағаны, автобустағы жолаушылар оны аяп, басу айтқаны туралы кейінірек ағамнан білдім. Нұрбол туған елімізге кеш те болса, аман-есен оралды. Ұлдарын күткен мыңдаған ата-аналар сияқты менің туғандарым да шыдамсыздықпен күтті.

Біз тағы да көрістік. Арақты қойғандар да, ішкендер де баршылық. Әсіресе, біздің «ауғандардың» арасында бұл шешімін таппаған үлкен бір мәселе екені сыр емес. Үй, денсаулық тәрізді әлеуметтік мәселелерге зәру болып жүрген ағайындар қоғамдағы іш толмайтын мәселелерге болған ренжісін құдды, ішімдіктен алатындай. Десе де, бүгінгі күнде көбі келін түсіріп, қыз ұзатып, немере сүйіп, ақылдары тоқтағаны байқалады. Түрлі бас қосуларда бөтен елде шейіт кеткен жігіттерді еске алуды, оларға құран бағыштауды әдетке айналдырған. Құдайға шүкір, ішімдіктің заманы қалып барады.

Сол бір ыңғайсыз, баграмдық досымның депрессияда жүрген кездерінде мен келіп қалады екемін. Алайда, отбасының тыныштығы одан да қымбат қой. Бұл жолы бауырыма деген ашуым тез қайтып, оның шаңырағының беріктігіне, қызметінен зейнеткерлікке шыққанына сүйсіндім, риза болдым. Дастарқан басында арақсыз да көңілді отыру рақат қой.

Нұрбол Баграмдағы бір оқиға жайлы сөз бастады. Шынтуайтына келгенде, мен ол туралы мүлдем ұмытып қалыппын, еске салды:

...Қарауыл дабыл көтеріп, Барихейль қышлағы таманда шурави әскерінің жүргенін баяндады. Тұра комбат Степан Ярошуктың өзі МТ-ЛБға отырып, бір экипаж сол жерге жетіп бардық. Ауған қышлағы таман қыдырып шыққан Зуич пен біздің Нұрик - Нұрбол екен. Аяқтарында ақ «адидас» крассовка, Нұрболдың үстінде ауған дүкендерінде сатылатын «командос» костюмі бар еді. Бұйрық бойынша, қару кезеңіп, қоршап тұрдық. Бұл, әсіресе мен үшін өте ыңғайсыз әрі аянышты кез болды. Комбаттың машинаға шығу бұйрығына олар көнген жоқ. Зуич, егер қару қолданылып, күштеп мәжбүрлесек, жарып жіберетінін айтып, қалтасынан граната шығарды. Дөрекіліктің арты жақсы болмайтынын ескертіп, капитан оларды тәртіппен түзеу батальонына жібергізетінін мәлімдеді. Нұрбол менің көзіме жиі-жиі қараумен болды. Мен оған қазақшалап, үнсіз қалуын, Зуичтің ызасын басып, бізді келісімге шақыруын табыстадым. Қахарлы комбатты да көндірдік әйтеуір.

– Сосын қалай еді?- деп оның толықтыруын күтемін. Ауған тақырыбына көп қызыға кетпейтін біздің әйелдерге қарағанда, тамақ дайындап жүрген отанасы біздің әңгімемізді ұйып тыңдап тұр.

– Есінде жоқ па, бізді МТ-ЛБнің алдына салып бөлімшемізге дейін жүргізіп барғандарың?

– Көріңдей жүргенің сол екен ғой,- деп әзілдеп қоямын. Мүмкін, дұшпандардың «шуравиелерге» қарсы өшпенділігі күшейген кездегі әрекетіміз дұрыс та болған шығар. Соғыс мейірімсіз. Онда мүлт кетуге болмайды, қателікті кешірмейді соғыс. Немқұрайдылық пен қателік қаншама жігіттердің өмірін қиғанын бәрі біле бермейді. Түнгі поста тұрып темекі шеккен қарауылдың дұшпан мергені тарапынан оққа ұшқаны, биіктікті бағындыруға бара жатып, жүк ауырлығына шыдамай, консервіленген кашысын тас үстіне қалдырып, қайтар жолда алмақ болған жауынгердің жараланғаны оның дәлелі. Жалпақ тастағы жалтыраған қалайы ыдысты көрген дұшпан сарбазы оның іесін бір тәулік бойы күткен екен. Бір қарағанда тыныш көрінген қышлақ шетіндегі кейбір жерлерге жауу әскерге қарсы, ал жолдарға танкіге қарсы фугастарды қойып тастайтын. Жайылып жүрген қойлар немесе бачалардың біз «барбұхайка» деп атайтын мәшинелері жарылғанының талай мәрте куәсі болғанбыз. Кейбір блок посттарда тапсырмаға салғырт қараудың салдарынан адам шығынына жол берілгенін де еститінбіз.

– Расында да, көп нәрселер естен көтеріліпті. Кейінгі тағдыр қалай болды?

Досымның айтуынша, Зуич қасындағы серігінің кім екенін айтпай, бірнеше күн гауптвахтада отырып шығыпты. Өзі казармаға бармай-ақ, жанармай өлшеу орнында қалдырған әскери киімін ауыстырып, түк білмегендей жұмысына кіріседі. Командир сірә, Зуич пен бет әлпеті ақ-сары Нұрболға қарап екі орыс сарбазы деп баяндаған болуы керек, ішкі құрамды сапқа тұрғызғанда, кілең аққұлақтарды тексеріп, оған аса мән бере қоймаған ұқсайды.

Біз біраз нәрселерді еске алып, бір марқайып қалдық. Анарбек туралы да қызық естеліктер айтылып, оның жарақаттан кейінгі қазасына қайырдық. Мейірімсіз соғыс бізді мейірімділікке үйретті.

Терезенің арғы бетінде көліктер көбейіп, мейманханаға адамдар жинала бастады. Қоштасып, сыртқа шықтық. Енді мүмкіндігінше жиі көрісіп тұруға келістік. Бірақ келісімнің орындалмай жүргеніне де санаулы жыл өтіпті. Құрбең тірлік. Бауырымды сағынып жүрмін...

Минәмжан АСИМОВ,

журналист



СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫ – ЕРЛІК МАЙДАНЫ

200 күн мен түнге созылған және үш миллиондаған адам өмірлерін қиған қасіретке толы болған Сталинград шайқасына биыл – 75 жыл.

Осыған орай, Атырау облысы «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен 2018 жылдың 2 ақпан күні Атырау мұнай және газ университетінің Әскери даңқ залында Сталинград шайқасындағы Кеңес әскерлерінің ерлік көрсеткен батырлардың рухына тағзым ету үшін еске алу шарасы өтті.

Аталмыш іс-шараға Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Секретариатының басшысы Г. Шакирова, жоғарғы оқу орындарының ұстаздары мен студенттері, Атырау қалалық №17 орта мектептің оқушылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында «Сталинград –Ұроқ Мужества» тақырыбында бейне түсірілімінен үзінді көрсетілді.

Сөз барысында Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Секретариатының басшысы Г. Шакирова әскери даңқ бар жауынгерлердің Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлмелерінде көрме экспозициясында, Сталинград шайқасына қатысқан жерлестеріміздің Ерлік пен Еңбек даңқы жайындағы фото суреттері, жеке заттары сақтаулы түрде тұрғандығы жөнінде мәлімдеді.

Сондай-ақ, іс-шара соңында студенттер тақырыпқа сай дайындалған баяндамаларын жасап, №17 орта мектебінің оқушылары тақырып негізінде дайындалған өлең – жолдарын оқып, жүрек тебіренер шумақтарымен іс-шараны аяқтады.



«МЕРГЕН-2018»: ӘЛИЯ ҰРПАҚТАРЫ

«Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығының ұйымдастыруымен Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігін насихаттау мақсатында «Мерген-2018» сайысы өткізілді.

Әлия есімі Қазақ деген елдің атын әлемге танытқан батыр тұлғалардың бірі. Қазақтың бір шалғай ауылында дүниеге келіп, білімді тәрбиені орыс жерінде алып, Отанға қауіп төнгенде қорғаны бола білген Әлия есімі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық. Бүгінгі күні киелі топырақ «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығында Мәдениет үйі, Әкімшілік, Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебі, дәрігер амбулатория, кітапхана, пошта қызметкерлері мен мектеп оқушыларының қатысуымен, Батырдың мергендік қасиетін насихаттау барысында сайысқа түсті.

Қазақтың қаршадай мерген қызы ел басына күн туған шақта үлкен жүректің иесі екендігін танытып, даңқы өшпес ерлік жасады. Олианың ұрпақтары тағы бір мерген екендерін дәлелдеп, Батыр апаларын еске алды. Сонымен қатар «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығының директоры Б.Туленова өз сөзінде Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова тәрбиеленген, оқыған және ерлік жолдары өткен Мәскеу, Санкт-Петербург, Псков, Орал жерінде де мергендер сайысы жие ұйымдастырылып тұратынын айтып жеткізді. Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі Ә.Баймұханов пен Қобда балалар жасөспірімдер спорт мектебінің қазақ күрес жаттықтырушысы С.Әбдірахман төрелік етті.

Қызықты өткен сайыстың қорытындысы бойынша 1-орынды Мәдениет үйі алды. 2-ші орын Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің командасы қанжығасына байлады. 3-ші орын Кітапхана командасына бұйырды. Жеңімпаздарға естелік сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

А.КАПИШЕВ,

«Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығының әдіскері



Мұқағали МАҚАТАЕВ

«БҮГІН МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ, ОЙ, ПӘЛІ-АЙ!»

ҰҚСАСТЫҚ

Босанған Ана.
Көктемде дала бусанып,
Біріне-бірі болар ма ұқсас мұншалық.
Толғатып дала,
Есен-сау Ана ұл тауып,
Бара жатады көктемнің көкшіл бұлты ауып,
Тершиді Ана,
Тершиді дала қымтанып.
Тамыры иіп,төтті бір ұйықтап алғасын,
Ана шайыңа,
Дала нөсерге қанғасын,
Далаға - диқан,
Анаға адал жолдасы,
Тыңайтпақ болып,
Даярлап жатыр қалжасын.
Өскенде сәби Анадан таусап қорегін,
Далада тәй-тәй саусағын жаяр көк егін.
Жерді - Анама,
Анамды жерге теңедім,
Екеуінен де егіз ұқсастық көремін.
Қапелімде байқамай жүргемін бе?
Қанат бітіп келеді күннен-күнге.
Мына өмірден бір кетіп, бір келдім бе
Түсі бөлек баяғы гүлдердің де,
Кімдердің де, күн менен түндердің де
Осы, мен...
Әлде басқа түрге ендім бе?`
Бал арадай шықпайтын айналамнан
Бауыр, жолдас, дос, құрбы қайда қалған
Қысылтаяң кездерде пайдаланған,
Жоқты қуған, қайдасың,
Қайран арман?
Армысың!
Есі дұрыс, мият-Күнім!
Өліп қайта тірілген сияқтымын
Жарқын өмір, жан өмір, жасыл шуаң,
Алдарыңда сендердің ұяттымын..
Алып ұшып барады қанаттарым,
Күнді ұзатып, күтемін таң атқанын.
Дәл осындай сәтіңнен адастырмай,
Адастырма, өтінем, жаратқаным!

ТІЛЕКТЕСКЕ

Ей, бауырым!
Көтерсеңші, көтерсеңші басыңды.
Алатаудың асқарына күннің нұры шашылды.
Қыз-тіршілік, міне тағы мойыныңа асылды,
Асылды да саусағымен сипағандай шашыңды.
Көтер басты,
Тұр орныңнан!
Терезеге қарашы.
Неткен тұнық, неткен қымбат жер мен көктің арасы
Неткен жақын бұл ғаламда адамзаттың баласы!
Бауырым-ау, жи күшіңді, терезеге қарашы.
Жата берме ауыр дертке, ауыр дертке бас ұрып,
...Әне біреу бара жатыр жұмысына асығып.
Автобустан қалып қойған және біреу, ашынып,
Өттең, өттең, айналайын көңлі қалды-ау басылып...
Қарашы, әне, аңдап басып, барады етіп қарт адам,
Ажары да, назары да, базары да тарқаған.
Қарт адамға қарсы келіп, сәлем берсе қарт Ана,
Ұзын-сонар бірдеңені айтып жатыр қарт оған.
Мына жолмен уайымсыз әлі талай өтерсің,
Шыға алмаған асуыңа, аман болсаң жетерсің.
Ей, Бауырым!
Ей, Бауырым, басыңды бір көтерші,
Мынау қызық дүниені қалай қиып кетерсің...

СЫНАУҒА ТІПТЕН ҚҰМАР КІМ КӨРІНГЕН

Сынауға тіптен құмар кім көрінген,
Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен.
Сырласып отырамын ондайда мен,
Мазасыз күндеріммен, түндеріммен.
Айтса айтсын айыбымды бетке қарып,
Қайтемін қаламымды кекке малып.
Арам шөптің орнына гүлді қырқып,
Әйтеуір жүргенім жоқ кетпен алып.
Басымнаң кемшіліктер өткені анық,
Несіне өкпелеймін көпке налып.
Ащы жырым құйылса өтке барып,
Ашырқанып, алайда, сөкпе, халық.
Шарам толы шаттығым, мұңымды айтпай,
Шау тартатын жәйім жоқ шетте қалып.
Өтсе,
Өтсін!
Басыма бақ бұйырмай.
Тіл кесілмей, тұрса екен жақ қиылмай.
Енді менің күнелтер жағдайым жоқ,
Шығыршықта айналған ақ тиындай.
Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,
Сынауға тіптен құмар кім көрінген.
Бірақ та,
Білесің бе, ей, кім көрінген,
Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!!!

ҚАСҚЫРҒА

О, сайтан!
Алмас азу, қандыбалақ,
Қанды ізің жосып жатыр, тау, жырада.
Тағы да қылаң беріп, құтылдың ба?
Тұра-тұр, көрісерміз қанжығада.



Жатқанда ойда малым,сайда малым,
Есімде емін-еркін жайғағаның,
Мен сенен бәсірменнен кегін алам,
Атам да, қанжығама байланамын.
Тас-тасты, ойды-қырды лаңдаған,
Құлқының қан ішпесе тұра алмаған,
Әлсіздерге ойнатқан әңгір таяқ,
Саған да бір зауал шақ - туар заман.
Тағылардың тағысы бөлексің де,
Сенің қаңқаң итіме керексің бе. .
Бойыңдағы тоныңды тонап алып,
Өлексенді қалдырам өлекшіңге...
Әзірше жүре тұрғын тау-жырада,
Қаңға бұғып жата бер маужыра да.
Ой-қырды ластаған қандыбалақ,
Көрісерге күн жақын қанжығада...
Өзгеден емес,өзімнен қорқам,сезем мен.
Баямнен қорқам,ернімнен қорқам кезерген.
Мінерге келік, ұшарға қанат жоқ менде,
Дариға-ай, шіркін!
Қалдырып бәрін безер ме ем...
Басым бір шойын, аяғым менің қорғасын,
Мерзімі толмай ілгері кетті он жасым.
Неге сезбесін?!
Сезеді жаным, сезеді,
Баяғы жылдар қайтадан енді болмасын.
Тұйыққа келіп,тіреліп тұрмын бір түрлі.
Көзімнің нұры көңілімде қалды іркулі.
Жылай да алмаймын, күле де алмаймын,
О, досым!
Тауып әкелші ұмыт қалдырған күлкімді.
Өзімнен қорқам өлтірген езімді өзім ғой...
Басымда ми жоқ,тиянақ таппай кезуде ой.
О, досым менің!күлкімді тауып әкелші,
Сүретін өмір,күлетін нағыз кезім ғой...

ҚАЙДАСЫҢ; КӨРІКТІМ; ГӨЗЕЛІМ

Қайдасың көріктім, гөзелім
Сен-дағы ойлайсың сеземін.
Жалғызбын білмеймін неліктен
Болса да өз үйім, өз елім.
Едің ғой ақ қанат көгершін,
Қайтейін, өмірің көгерсін!
Әзірге мен бір жан белгісіз,
Әйтеуір соңында көрерсің.
Қатыгез қайсыбір сағатта
Өмірді келеді тастағың.



Сонда да үмітті жоғалтпа
Қаралы күндерден қашпағын.
Сабыр ет, тоқтау қыл, шеше біл,
Тағдырың улы оғын жолдаса.
Өзің-ақ ойлашы, несі өмір
Қуаныш, қайғысы болмаса.
Қай жерде тіршілік өмір бар,
Сол жерде қуаныш, қайғы да.
Болса да алдың құз, артың жар,
Төзе біл, өмір сүр, айныма.

ТҰЛПАРЛАРЫММЕН БІРГЕМІН

Іздесең мені кімде-кім,
Қаладан іздеп жүрмегін!
Үйіме де іздеп кірмегін!
Аязды боран, ақ таудың
Арасында өмір сүргемін.
Солармен мәңгі біргемін.
Жетелеп мені ілгері,
Күндерім менен түндерім,
Төсек сап қардан бір керім,
Қарыма құрық ілгемін.
Іздесең мені кімде-кім,
Сол жерден келіп бір көрің!
Ақ түтек ашық ақпанда,
Ақ сайда жылқы баққанда,
Құрықты шаншып ақ ңарға,
Аспанға қарап тұрам мен,
Құс жолы - Болашақтарға,
Қар теуіп жылқым жатқанда,
Рахат одан шақ бар ма?!
Керек қой күзет өмірге
Дүние ұйықтап жатқанда...
Ақ қырау шалып тұлымын,
Кісінеп қойса құлыным,
Кетеді бойым жылынып,
Бүлк етіп менің жұлыным,
Айтамын, айтам қайталап,
Тұлпарлы жердің ұлымын!
Ракетадан кем емес,
Шаншылған менің құрығым!
Сондықтан асау қылығым...
Қашырап құтын ұрының!
...Іздесең мені кімде-кім,
Бұл жерден іздеп жүрмегін!
Аязды ақ қар түндемін,
Ақ тозаң боран күндемін,

Тұлпарларыммен біргемін,
Іздесең мені кімде-кім,
Сол жерден келіп бір көрің!

ТОКАРЬДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Төсектес көрші, ғажайып жанды көрдім мен,
Қатыгез сырқат қос жанарын да сөндірген.
Жауынгер жорық басталыпты да Шығыстан,
Аяңталыпты Батыста жатқан Берлиннен.
Қиналып жатыр,өмірді қиып кете алмай,
Көрік кеудесі көтеріледі от алмай!
Бір түйір ет жоқ, аяқ пен қолы сом сүйек,
Станогында өзі өңдеген металдай.
«Қаншама металл қолымнан өтті, балтадым,
Ағыздым нелер ақ бодаттың да ақ қанын.
Мінеки, енді ажалдың сүп-сұр токарі
Қарашы,- дейді-
Мені кеп жонып жатқанын».
Бір жұтым суын - бір тәулік бойғы қорегі,
Ауа жетпейді-ау, кеудесін сипай береді.
Демі таусылып, әлсіреп бара жатқанда,
Сыбырлап өтер ғазиз жан былай деп еді:
«Кім ұрлап кетті, кім ұрлап кетті ауамды?»
...Бардым да жұмдым ашылып қалған жанарды.
Мен де айтып тұрмын ол беріп кеткен сауалды,
Кім алып келді, жаңағы тірі адамды?

ТІЛЕГІМ ҚАЙДА МЕНІҢ КӨККЕ ӨРЛЕГЕН

Тілегім қайда менің көкке өрлеген?
Жүрегім қайда менің кек кернеген?
Жүремін неге бұлай бөктерде мен?
Білемін...
Тек терлегем, тек терлегем.
Апырмай, бәрі бітіп қалғаны ма?!
Жеткізбей арманыма, алдағыма.
Аяй гөр, арманым-ау - ардағым-ау!
Үзілген үмітімді жалға мынау.
Жүргізбе мені бұлай бөктерменен,
Алып өт асқарыңа өткелменен.
Тілегім бөктерменен шектелмеген,
Алдымда өмірім бар өткермеген.
Жанымда жалын барда, қиял барда,
Аядай аулаға мен сыя алғам ба?
Аяшы, ая мені, ардағым-ау,
Апарып таста мені қияндарға.
Сырқаттанып жүргенше сызда қалып,
Өлсем де өлейін мен құзға барып.
Мұзға барып құлайын, құздан ағып,
Сөндірейін отымды мұзға малып.

НЕ КЕЛІП; НЕ КЕТПЕГЕН БҰЛ ҒАЛАМНАН

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,
Су тартылған теңізден, жылғалардан,
Нелер ұрпақ аттанған қуған арман,
Не бар дейсің, өмірге тұлға болған
Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан.
Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді,
Өтпейтіндей көретін адамдарға!
Өтеді ғой...
Өтеді барлығы да,
Күн арқылы кетеді танды мына
Менің жаным ашиды барлығына;
Таң нұрына, адамның тағдырына
Менің жаным ашиды өткендерге,
Жаңа ғана өмірге жеткендерге
Ұран жазып аспанға қойсам ба екен,
Енді сендер өмірден өтпендер деп.
Бәрі өтуде
Күн батып, кеш кіруде,
Жаңаруда дүние, ескіруде
Болашақтан - бейтаныс, ұрпағымыз,
Босат деп тұр орнымды,
Естідің бе?!

Бүгін менің туған күнім.
Ой, бәле-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?!
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.
Мына дүние неге жатыр үндемей?!
Аулалатып тойдың шоғын үрлемей.
Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,
«Мынау - шапан,
Мынау - атың, мін»,- демей.
Мына жұртқа жақпады ма әлденем?!
Бекер өмір сүргенмін бе, әлде мен?
Халқым,
Сенің қасиетіңді білем деп,
Босқа өмірім өтті ме екен әуремен?!
Айтамын деп қуанышын, мұңынды,
Басқа арнаға бұрдым ба әлде жырымды?!
Мен, бәрібір, өзіңменен бір болам,
Өзегіне тепсең-дағы ұлынды.
...Тойланбаса тойланбасын,
Не етейін.
Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ өтейін.
Қаламымды бөрші маған, байбіше,
Болашаққа арыз жазып кетейін...

2017 жыл Қарасай ауданы үшін Рухани серпіліс жылы болды деуге болады. Олай дейтініміз, осы жылы ауданымызда «Батыр бабалар» мемориалды музейі мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы ашылып, қазіргі таңда халыққа қызмет етуде.



«АТАМЕКЕН» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ИГІЛІКТІ ІСТЕР



Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының басты бағыты – халыққа мәдени және рухани қызмет көрсету болып табылады. Бұл Орталық қазіргі білім мен ғылымдағы талаптарға сай кең ауқымда жұмыстар жүргізуге қабілетті дегенге саяды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының музей емес, тарихи-мәдени орталық деп аталуы оның жұмыс істеу бағытына байланысты. Бұл Орталық өзіне музейлік бағытқа тән экспонаттарды жиғанымен, ғылым мен мәдениет саласындағы түрлі өзгерістер мен жаңашылдыққа қарсы тұра алатын мәдени ошақ дегенді білдіреді. Яғни «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асуының бірден бір дәлелі – осы Орталықтың ашылып, халыққа қызмет етуі десек, артық айтқандық емес.

Биылғы жолдауында Президент: «Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде», – деді. Бұл халыққа қызмет етуде, бала тәрбиесінде, ғылым мен білімді жетілдіруде нақты әрі тұрақты қадамдарды іске асыру керек дегенді білдіреді.

Әлем «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне» аяқ басқан сатте, халыққа рухани тұрғыда қызмет ететін тарихи-мәдени орталықтардың ашылуы қазіргі заман талабынан туындап отыр.

ШЫҒЫСТЫҢ ТӨРТ ҒҰЛАМАСЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Әлемдік деңгейде ғылым мен ілімнің бірнеше түріне, әдебиет пен өнерге өлшеусіз үлес қосқан Шығыстың төрт ғұламасына Венадағы БҰҰ бөлімшесі ғимараты алдында ескерткіш орнатылды. Олар - Әбу Әли Ибн Сина (Авиценна), Омар Наям, Әбу Райхан Әл-Бируни мен Закария Әр-Рәзи.

Әбу Әли Әли ибн Сина белгілі - ғалым, пәлсапашы, астроном. Толық аты-жөні - ӘбуӘли Хусейн ибн Абдаллах Ибн Сина. Еуропалық дәстүр бойынша ол Авиценна деген атпен мәлім. Ибн Сина өзінен кейін зор шығармашылық мұра қалдырып кетті: ертедегі деректерге қарасақ, ол 456-ге жуық еңбек жазған. Бірақ бізге дейін оның 240 кітабы ғана жеткен. Ол еңбектер поэзия мен философиядан бастап, геология және астрономиямен аяқталып, білімнің барлық саласына арналған. Үлкен атаққа Ибн Сина дәрігер, ғалым және фармацевт ретінде ие болды. Ол бар болғаны 57 жыл өмір сүрсе де (980-

1037 жылдары), оның өмірі мен дарыны осы уақытқа дейін аңызға айналып келеді.

Омар Наям - парсы математигі, астрономы, ақын, философы (толық аты - Әбу-әл-Фатх Омар ибн Ибраһим Әл-Наям). Шамамен 1048 жылы Хорасанның Нишапур қаласында дүниеге келген, әрі сонда қайтыс болған. Жас кезінен өлеңге құмартып өскен, оның кейбір өлеңдері осы күнге дейін жеткен. Нишапурда жұмыс атқарған кезінде, сол кездегі оқымыстылармен бірлесіп сол замандағы күнтізбеге өзгерістер енгізген.

Әбу Рейхан Мухаммед ибн Ахмед әл-Бируни қазіргі Ауғанстан аумағында өмір есігін ашқан. Оқымысты-энциклопедші және ойшыл. Тәжірибелік жаратылыстану білімінің негізін қалаушылардың бірі, ғылым мен діннің шекарасын ажыратуды қарастырған білім таратудың жақтаушысы.

Зәкәрия Әр-Рази (шамамен 865-926 жж.) - парсы ғалымы, дәрігер әрі философ.



МЕКЕНІ - ТҰҒЫРЛЫ, ЕСІМІ - ҒҰМЫРЛЫ

(Медеу Пұсырманұлына арналған 1 ақпаннан 1 наурызға дейін айлық өтуде)

Жуырда Медеу Пұсырманұлының еңбегі мен мұрасына арналған айлықтың ашылуына байланысты баспасөз конференциясы болып өтті. Медеу 1850 жылы, Жетісу губерниясында, Кіші Алматы болысының Верный уезіндегі №3 (үшінші) ауылда дүниеге келген. Медеу – сәулетіне дәулеті сай, арабша да, орысша да хат таныған дәулетті болған адам. Сондықтан да өскен ортасына көмегі көп тиген. Әсіресе табиғатқа шын жанашыр бола білген.

1902 жылғы ашаршылықта Медеу аш адамдарға барынша көмектесіп, қазақтың “Балдан тамады, бардан жұғады” дегендей кедей-кепшік, шығайларға көп болысып, жәрдемдесіп, олардың қашанда таптырмас қамқоршысы болған және де ет дайындауда және оны ашыққандарға бөліп беруде үлкен көмек көрсеткен. Әсіресе патша әскерлері де сол таулардың бөктерінде әскери жаттықтыру жұмыстарын атқарып жүргендерге де тамақ пен қымыз-сусын еш ақшасыз беріп отырған. Халыққа үнемі болысып, жоғын жоқтап отырғандықтан ел жұрт та оны қатты сыйлаған.

Медеу тарихына тереңірек бойлау үшін, алдымен Жетісу өлкесінің сол ғасырдағы тыныс-тіршілігінен бастау керек. Өйткені сол уақытта Верный бекінісінің салына бастауы, соған сәйкес осы төңіректегі әлеуметтік өзгерістер, жергілікті халықтар мен орыс халқы арасындағы қарым - қатынастардың нығая түсуі, тағы басқа тарихи жағдайлардың Медеу есіміне де қатысы бар.

Баспасөз конференциясына Медеу ұрпақтары, қоғам қайраткерлері қатысты. Олардың ішінде медеутанушы, жазушы Бейбіт Сапаралы, тікелей ұрпақтары Қазима Айдарбекова, Есіл Жазылбеков, Медеу аудандық білім бөлімінен Манат Әшірбековалар өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді. Баспасөз конференциясын жазушы, зерттеуші Нағашыбек Қапалбекұлы кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Шарада төмендегідей ұсыныстар айтылды:

– Медеу мұз айдынының алдында ескерткішін тұрғызып, сол жерде музейін жасау керек. Бұл музей тек Медеу ғана емес бүкіл Алматы қаласының арғы-бергі тарихы, Медеу шатқалы жайлы мол мағлұмат-дерек беретін орын болар еді;

– Медеу сай-шатқалын ЮНЕСКО тізіміне енгізген жөн. Бұл шатқал-сайында археологиялық зерттеулерде сонау қола дәуірінде өмір сүрген жерлестерміздің шырағданы т.б. көне заттары табылып жатыр. Бұл ара – сонау көне заманнан бері қарай ел билеушілердің ордасы болғандығын ғалымдар дәлелдеуде. Ал, Медеу сайында өсетін табиғаттың сан түрлі ағаштары мен



өсімдіктері әлем туристерін таң-тамаша қалдырып жүр. Атақты Асан қайғы бабамыз «Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жайлы қоныс екен» депті;

– Алматы қаласында арнайы «Медеу саябағын» ашу керек;

– Алматы қаласында «Медеу айлығын» жариялап, барлық оқу орындарында Медеу жайлы сабақтар өткізсе;

– Мектеп оқушылары арасында «Медеу кім?» деген тақырыпта шығарма жаздыртып, конкурс ұйымдастырса;

– Медеу атында спорттық, туристік жарыстар жүйелі өткізіліп тұрса;

– Медеу Пұсырманұлы жайлы кітап жазылып, деректі фильм түсірілсе, ел-жұртқа оның ғұмырнамасы, істеген игі істері жайлы ауық-ауық айтылып, түсіндіріліп тұрса игі болар еді;

– Рухани жаңғыру талаптарына орай Медеу шатқалы, жалпы Алатау аймағындағы сай-сала, өзен, тау-шыңдарға – көне ежелгі атауларында қалай аталса сол аттарын беру қажет.

Осы айлық кезінде Медеу Пұсырманұлының еңбегін, мұрасын жаңғырту барысында бірнеше іс-шаралардың жоспары жасалынып, іске асырылуда.

С.ӘШІМОВА



Көңіл-айна

АДАМНЫҢ КӨРКІ – СӨЗ

Жазушы-журналист Еркін Әбіл ағаның ғибратты әңгімесіндегі мына бір жолдарды оқыған адамның ойға қалмауы мүмкін емес. Онда былай деген: ...Қорлық та өлімнен күшті көрінеді. Әсіресе, ол адал адамға ауыр соғады. Шаншу болып қадалатын шайпау сөз қате тисе де, бата тиетіні сондықтан. Ойландыратын жайт! Өмірде не болмайды, көресің де, естисің де! Ойланбай, мән бермей айта салған бір ғана жағымсыз суық сөздің ызғары ішкі сарайынды аяздай қарып, қылдан нәзік көңіл жиегін үсітіп, тіпті сан тарауға дамылсыз жылу беріп тұрған жүрек-пешінің сыртқа мейір төгетін бір түтігін мұз ғып бітеп тастайды екен!

Адам қалай сөйлесе де өзі біледі емес пе дерсіздер, әрине біреудің аузына біреу қақпақ бола алмайды, дегенмен де адам бір-біріне қарап бой түзейді емес пе? Жалпақ шешей боп, қайсыбірінің көңіліне қараймыз дейсіздер ғой... «бір тұтам бұлт та күнді қалқалай алады» демекші, бір ауыз сөзден де бір-бірінен безіп жатқандар өмірде аз ба? Бір ауыз жақсы сөз де көңілдегі дақты өшіреді. Жарайды, кейде ашумен айттық делік, «айтылған сөз – атылған оқ» деген, оқты алғанмен орны жара болады, жара жазылғанмен тыртық боп із қалады. Осындай із қалдырмас үшін ойланып, абайлап сөйлеген жөн шығар! Ойланбай айтқан сөз опық жегізеді. «Сөйлеу үшін бойлау керек, жұту үшін шайнау керек» деп ардагер-ұстаздың айтқаны бар. Сөйлей білу де мәдениеттілікке жатады. Ойнап айтсаң да ойланып айт! Кейде «бір сөзге бола өкпесі қара қазандай болғаны несі?» деп те жатады, мәселе сол бір сөздің төркінінде, салмағында емес пе?



«Жаманның айпадам жамандығын, жақсылардан уялым» деген ақын өлеңі еске түседі. Өмір болған соң жақсы да, жаман да бар. Бұл – заңдылық! Сөз түсінбеске «қасиетті сөздің қадірін түсірмейін» деп, үндемейсің. Адам көркі сөз десек, сөздің көркі ой емес пе? Саналы адамның ойланбауы мүмкін емес. Кезінде «оқымадық» деген бабаларымыздың өз «ұлы сөзде ұят жоқ», «кестіген құлақта жазық жоқ», «сөз орайы келгенде айтайын», «әзілің жарасса, атаңмен ойна» деп, алдын-ала ескерте отырып, көңілге тимейтіндей жайлы жеткізе білген, сөздің құдіретін түсінген. Сөз сүйектен өтеді. Көркем ойдан туған сөз тұщымды, көңілге жағымды тимей ме? Шіркін, әр пенде ішкі жан сарайының рухани сандығын көркем де жауһар ойлармен толықтырып отырса, қай кезде кімге ашса да ішінен әдемі де сұлу сөз маржандары шықпай ма?

Бибісара КЕНЖЕБЕКОВА



ОРКЕСТРМЕН ТІЛДЕСКЕН ДИРИЖЕР

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезеңде басқалармен тереземіз тең болуы үшін, алға қойған мақсаттарымызға жету үшін санамыздың ісімізден озық болуы, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиістігін атап өтті. Елбасы жаңғырудың ұлттың рухани құндылықтарынан, рухани тамырынан нәр алуы керектігін баса айтқан болатын.



Ақтөбе өңірі – дәулескер күйші Қазанғап, әйгілі Молдабай әнші, Сарышолақ шайыр, Батақтың Сарысы, Ақтан Керейұлы, Нұрпейіс Байғанин сынды ұлы тұлғалардың туған топырағы. Осы ұлы тұлғалардың ізін басып, рухани мұрамызға насихатшы болып жүрген, есімі республикаға белгілі ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, профессор Қайырғали Үсенғалиұлы Қожанбаев ағамыз биыл 80 жасқа толады. Кітапхана жанындағы көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан «Атамекен» өлкетану-патриоттық клубының кезекті отырысын «Оркестрмен тілдескен дирижер» деген атпен Қайырғали Үсенғалиұлы Қожанбаевқа арнады.

Қайырғали Қожанбаевтың музыкалық мұрасын, өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шарада Ақтөбе өңірінің өнері мен өнер орталықтары және өнер қайраткерлері туралы сыр төгетін «Өнерлі өлкенің оты өшпейді» кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Саз әлемінің сәулетшісі» бөлімі Қ.Қожанбаевтың шығармашылығына арналып, оқырмандарымызға тереңірек таныстырылды.

Шара №3 балалар музыка мектебі жанынан құрылған ансамбльдің орындауында Қ.Қожанбаевтың «Қос жебе» шығармасымен күмбірлете басталды.

Шараға ұстаздарының үлкен үмітін ақтап, өскелең жас ұрпақты адам баласының байлығы, жан дүниесінің қорғанышы-өнерді сүюге үйретіп жүрген Қайырғали ағайдың шәкірттері А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің директоры, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, ҚР еңбегі сіңген қайраткері Аманжол Дүйсенұлы Исмағұлов, күйші, ҚР Мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, қазанғаптанушы Жайлау Жаншаұлы Асылханов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Марат Әйтімов қатысып, композитордың музыка саласын жаңа көркемдік дәрежеге көтерген еңбегі және ұстаздық қасиеті туралы әңгімеледі.

Өнер – адам баласының бойындағы ұлы қасиет. Өнерлі болу үшін адамға табиғаттан берілген дарын болу керек. Сондай дарынды таланттың бірі емес бірегейі А.Жұбанов атындағы Ақтөбе облыстық қазақ халық аспаптар оркестрінің бас дирижері, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, профессор Қайырғали Қожанбаев деп айта аламыз. Ол – қазақ музыкасының аңызы Ахмет Жұбановтың шәкірті. Бүгінде есімі республикаға белгілі Қайырғали Қожанбаевқа ұлы ұстазы Ахмет Жұбанов: «Қайырғали – шебер домбырашы, ойлы музыкант, дирижерлық аппараты жағынан, ол – өз алдына ерекше тұрған жас», – деп баға берген екен. Ол 70-тен астам әннің және домбыра мен халық аспаптар оркестріне арналған 10 күйдің авторы. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры. Ол 2003 жылдан бастап – Ақтөбе облыстық Ғ.Жұбанова атындағы филармониясының «Арайлы Ақтөбе» Халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері қызметін атқарды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (1969). ҚазКСР мен Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Кітапхана оқырмандары: №22 орта мектебінің, М. Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының жоғары класс оқушылары өнер майталманымен еркін сұхбаттасып, ерекше құрмет көрсетті.

Шара қоңақтары да ұстаздарының мерейін көтерді, Аманжол Дүйсенұлы қазақтың көне үрмелі аспабы саз сырнаймен А.Жұбановтың «Қарлығаш» әнін тарту етіп, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үнімен тілдестіргендей болса, күйші Жайлау Асылханов Қ.Қожанбаевтың «Серпіні» күйін тегіп, әнші М.Әйтімов Алуа Жаймағанбетованың сөзіне жазылған «Ризамын тағдырыма» атты ұстазының жары Галина Қуанышқызына арнаған әнімен тебіренгіп, баршаға таза, адал махаббат тіледі.

Мұхтар Әуезов: «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді» деген екен десе, «Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» деген екен Ахмет Жұбанов. Өнерге деген құштарлық, әсемдікке, ізгілікке, биікке жетелейді. Ал өнер жолын таңдаған жанға осы жолдың биік белесіне шығу үшін таза жүрек, сергек сана, үлкен өмірлік тәжірибе керек. Өнерлі адам-өрге жүзеді демекші, өнердің құдіреттері арқылы рухани байып, өнерді сезініп, өнерді түсіне білу үшін білім, яғни кітап оқу қажет. Сондықтан да сіздерді кітап оқуға шақырамыз деп кітапхана басшысы С.М.Хакимова шараны қорытындылады.

Саналы ғұмырын қазақ музыкасын өркендетуге арнаған Қайырғали Қожанбаевтың кеші күйші Жайлау Асылханов пен №3 балалар музыка мектебі жанынан құрылған ансамбльдің бірлесе орындауындағы Құрманғазының «Адай» күйімен шарықтата аяқталып, «Атамекен» өлкетану-патриоттық клубының күнделігі өнер майталмандарының қолтаңбасымен толықты.

Кәмила ИДРИСОВА,

Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы «Атамекен» өлкетану-патриоттық клубының жетекшісі



«ШЕКСІЗ КІТАПХАНА»

Қазіргі уақытта қоғамда ұрпақ тәрбиесі үлкен рөл атқарады. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері жастардың жан-жақты болып өсуіне, рухани жұтандамауына отбасы, мектеп сондай-ақ кітапханаларда үлес қосып келеді.

Солардың ішінде Ақтөбе қаласындағы С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы. Қазіргі кезде кітапханашының қызметі оқырманды тек қызықты кітаптармен қамтамасыз етіп қана қоймай, оқырмандар арасында әр түрлі мәдени іс-шаралар өткізеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ата – бабамыздан бізге жеткен еліміздің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін насихаттап әр түрлі бағытта, заман талабынан қалмай жұмыс жасап келеді.

Ұрпағымызды ұлттық рухта тәрбиелеуде жаңа әдістегі шараларды қолдану уақыт талабы. Сондықтан биыл кітапхана жанынан жаңадан ашылған қызығушылық клубтардың, үйірмелердің «Шексіз кітапхана» атты ашылу салтанаты өтті. Солардың ішінде «Старт» спорт-денсаулық клубы, «Алтын өлке» өлкетану клубы, «Сырғалым» эстетикалық тәрбие беру клубы, «Бүркіт» патриоттық клубы, «Оқырмандар отауы» рухани-интеллектуалды дамыту клубы, «Информатика әлемі» үйірмесі ашылып тұсауы кесілді. Кітапхана қызметкерлері бұл клубтарды ашу арқылы, жастарды кітапханада өткізілген шараларға араластырып, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын, сондай-ақ кітапханаға тарту мақсатын көздейді. Ашылу салтанатында Ақтөбе қаласындағы Үкіметтік емес ұйымдардың президенті Айгүл Егізбайқызы Дюсенова және кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы Калдина клубтардың тұсауын кесті. Бұған дейін кітапханада



БІЗ СПОРТТЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!

С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері №4 мектеппен бірлесе «Біз спортты қолдаймыз!» атты қысқы спорттық ойындардан жарыс ұйымдастырды.

Спорттық шараның мақсаты: Қысқы Оңтүстік Кореяның Пхенчан қаласында өтетін 2018 жылғы Олимпиада ойыншыларын қолдау көрсету. Қалалық дәрігерлер, мәдениет және білім беру саласының қызметкерлері арасында спортпен шұғылдану және қызығушылығын арттыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін эканомикалық, әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім. «Тазалық – саулық негізі, саулық байлық негізі», – деп бекер айтпаса керек. Гүлденген эканомиканы дені сау, саналы азаматтар жасайды. Сондықтан Жолдаудағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау шараларын белсендірек жүргізгеніміз абзал. Әсіресе, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – біздің міндетіміз.

Қысқы Олимпиадада спортшы Абзал Әжіғалиев ҚР Туын биікке желбіретеді, осы шараны қолдау мақсатында кітапхана қызметкерлері осындай шара арқылы қолдайтынын көрсетеді.

Шараға сонымен қатар №4 мектеп, №6 қалалық емханасы, Ақтөбе қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің қызметкерлері және С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұжымы қатысты. Жарыс басталмас бұрын ҚР туы салтанатты түрде әкелінді. Еліміздің гимні



бірнеше жылдан бері «Ақ қауырсын» жас ақындар клубы, «Шапағат» қайырымдылық клубтары оқырмандармен белсенді жұмыс жасап келеді. «Ақ қауырсын» жас ақындар клубы жас талантты ақындардың шығармашылығын ұштауға, жастардың мәдени, рухани дамуына, поэзия әлемін, жалпы қазақтың сөз өнерінің құдіретін сезіне білуге көмектеседі. Ай сайын клуб мүшелерінің отырысы, елімізге танымал ақын-жазушылардың кездесу кештері, республикалық, аймақтық, облыстық жас ақындар мүшайрасы, өтіп тұрады.

«Шапағат» қайырымдылық клубының мақсаты – мүгедек жасөспірімдердің интеллектуалды демалысына рухани көмек беру. Клуб жетекшісі қаламыздағы «Сал азаматтарды қорғау» орталығымен. Облыстық арнаулы есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернатымен бірлесе жұмыс жасайды. Қызығушылық клубтардың ашылу кешінде жастар өз өнерлерін ортаға салды. «Шапағат» қайырымдылық клубындағы мүмкіндігі шектеулі жастар арасынан А.Ержан, А.Нитулина, А.Оразбаев, М.Зәкірұлы «Махаббат», «Ана» тақырыбында өлеңдер оқып, әндер орындады, би биледі. Жиналған жастар өз ойларын ортаға салып, басынан өткен қызықты оқиғаларын айтты. Шараға жиналған жастар көңіл көтеріп, өздеріне ұнаған клубтарға жазылды. Кітапхана жанынан ашылған үйірмелер мен клубтар тұрақты және тегін негізде жұмыс жасайды.

Алтынгүл ЕРМЕКБАЕВА,
«Инновациялық әдістемелік жұмыс бөлімінің меңгерушісі Ақтөбе қаласы



шырқалған соң, шараны №4 мектеп директорының орынбасары Абжанова Асылай Әлімбетқызы, дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Ахметов Талғат Абатұлы құттықтау сөзімен ашып, универсиада спортшыларына, оларды қолдап жатырған жастарға сәттілік тіледі.

Ойын спорттың қысқы түрінен болды. Ойыншылар төрт топқа бөлінді. Барлық қатысушылар «Спортшыларға жалынды сәлем!», «Біз Сіздермен біргеміз!» ұранымен шығып көңілді старт, эстафеталық жарыс түрлерін және шаңғы, волейбол ойнады. Сайыс соңында әділқазылар алқасы ұпай санын шығарып, 1,2,3,4 орын алған командаларды анықтап, дипломмен марапаттады.

Бір сөзбен айтқанда, спорт – барлық тәрбие атауының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, зор болмақ. Бірінші байлық – денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Алдағы уақытта №4 мектеппен тығыз байланыс жұмыс жасаймыз.

Бақытгүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,

Ақтөбе қаласы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ – ИГІ ІС

«Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды. Бірінші – қайырымды ісі, екінші – мейірімге толы сөзі».

Жүсіп Баласағұн

Адамдар бір-бірімен ауызбіршілікте, тату болып ынтымақта өмір сүруі ең қолында. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – көмекке мұқтаж адамдарға жақсылық, қамқорлық жасау. Жақсы болу өз қолында демекші, адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды екен.

С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Ізгі істер» атты акциясына қолдау білдірді. Ел еңсесін биіктеткен осындай мейірлі істерге кітапхана қызметкерлері де ат салысты. Осы акция аясында аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына және мұқтаж жандарға көмек көрсету мақсатында кітапхана директоры Гүлжайнар Калдина және кітапхана қызметкерлері Алтынгүл Еркембаева, Бақтыгүл Хамидуллина, Лаззат Бүлтекова, Бибігүл Шамеденова, Нұғманова Гүлдана үйлерінен өздеріне қажет емес қысқы киімдерді жинақтады. Кітапхана директорының орынбасары Ұржан Құдасова және кәсіподақ төрайымы Шынар Кошанова «Шығыс» сауда үйінде орналасқан «Игі іс» дүкеніне балаларға арналған аяқ киім, пальто т.б. жылы киімдерді тапсырды. Сонымен қатар игі шараларға үлес қосқан кітапхана қызметкерлері қаңтар айында «Алтай» сауда үйінде орналасқан «Игі іс» дүкеніне де тапсырған болатын. «Қайырымды болсаң өзгеге, шапағаты тиер өзіңе» дегендей кітапхана



ұжымы осындай игі іс шараларына ат салысып тұрады. Кітапхана қызметкерлері адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемің ұсынатын жандар.

Бір адам жаққан отқа, мың адам жылынады. Ата-бабамыздан келе жатқан қайырымдылық пен жомарттық болашақта да өз қадірін жоймаса екен және балаға жасаған жақсылық – өзімізге жасаған жақсылық деп білейік!

Гүлжан ӨТЕГЕНОВА,
кітапханашы

«ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙІКТІСІ» КІМДЕР?



Астанада дәстүрлі «Халықтың сүйіктісі» ұлттық жүлдесінің жеңімпаздары марапатталды. Жетінші рет ұйымдастырылып отырған бұл байқау танымал қазақстандық тұлғалар мен ұйымдарды анықтауды көздейді және қазақстандықтар әдетегідей, үздік деп тапқан тұлғаларға интернет арқылы дауыс берді.

Марапаттау кешінде “Үздік ұстаз” номинациясы бойынша үш ұстаз жеңімпаз деп танылды. Олар: ҚР БҒМ республикалық оқыту-әдістемелік орталығының директоры Раиса Шер, Астанадағы Оқушылар сарайының директоры Ұмсын Арқабаева және Астанадағы №54 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рая Келесқызы.

«Үздік дәрігер» аталымы бойынша екі дәрігер – алматылық хирург-маммолог, ҚР маммологтары мен

радиологтары басқармасының төрағасы Шынар Талаева және астаналық хирург, медицина қызметінің полковнигі Ержан Шаяхметов, «Үздік парламентарий» аталымында ҚР Парламентінің депутаты Зағипа Балиева, «Үздік қоғам қайраткері» бойынша «Ұлы Дала қырандары» ұлттық қозғалысының төрағасы Сәдібек Түгел үздік деп танылды.

Ал «Үздік фермер» атанған Арал балық өңдеу зауытының басшысы Аманбай Ерхатов “Халық сүйіктісі” мүсіншесімен және «Атамекен» ҰКП төсбелгісімен марапатталды. «Үздік бизнесмен» номинациясында астаналық «Jeff Tailor» тігін үйінің иесі Гаухар Өтелбаева және



«Үздік fashion майталманы» аталымында «Bibisara» брендінің дизайнері Әсем Алтынбекова жеңімпаз атанды. «Үздік спортшы» жүлдесімен кәсіпқой боксшы Қанат



Ислам және «Үздік спортшы ару» жүлдесімен кәсіпқой боксшы, бокстан әлем чемпионы Фируза Шәріпова марапатталды. Сондай-ақ, марапаттау кешінде белгілі режиссер Ақан Сатаев «Үздік кино қайраткері» атанса, саясаттанушы Айдос Сарым мен әлеуметтанушы Зарема Шауеноваға «Үздік публицист» сыйлығы табысталды.

Ұлттық сыйлықты табыстау рәсімінде БАҚ саласының өкілдері де назардан тыс қалған жоқ. «QAZAQSTAN» телеарнасының журналисі Дана Нұржігіт «Жыл тележүргізушісі», Tengrinews.kz – үздік ақпарат порталы атанды. Интернетте белсенділігімен көзге түскен заңгер Айгүл Орынбекке «Блогосфера көшбасшысы» сыйлығы берілді. Ал «Нағимуша» лақап атымен танымал Нағима Ахметова «Жылдың үздік вайнерлері» аталымында үздік деп танылды. Сондай-ақ, ұлттық сыйлық кеңесі бірқатар құрметті номинациялармен марапаттауды жөн көрді.

Осылайша, Украинаның «Голос. Діті» ән байқауында жеңіске жеткен қазақстандық Данэлия Төлешова «Жыл құрметтісі» атанды. «Жыл жаңалығы» – «Qazaqstan» телеарнасына, «Табыс пен даму» – ҚР Ұлттық Паралимпиада комитетіне, «Жыл меценаты» – Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қайырымдылық қорының президенті Махмұт Нәлібаевке және «Алтын дәуір» құрметті номинациясы – танымал ақын Шәмшібай Сариевке берілді.

Марапаттау салтанатынан кейін қайырымдылық аукционы өтті. Онда лауреаттар бейнеленген шарж суреттер сатылымға шығарылды. Аукционда Фируза Шәріпова өз



портретін 1000 АҚШ долларына сатып алды. Аукционнан түскен қаражат қатерлі ісік ауруымен күресіп келе жатқан 6 жасар Айымжанның еміне беріледі.

СӘН ӘЛЕМІНІҢ ЖАС ДИЗАЙНЕРІ



Ақтөбелік кәсіпкер Сабина Жанзақова екі жылдан бері ұлттық киімдер тігіп, шетелдегі сән көрсетілімдеріне қатысып жүр. Үздіктер қатарына іліккен дизайнер жыл сайын бірнеше елден шақырту алады.

Дизайнер әрі тігінші шетелге жиі шығып, сән көрсетіліміне барады. Қазақтың ұлттық киіміне қызығушылар саны артып келе жатқанын қуана жеткізген кәсіпкер алдағы уақытта Грузияны бағындырмақ. «Соңғы рет Дубайға бардық. Қазақтың ұлттық киімін киген балалар қызыл кілеммен 4 рет жүріп өтті. Себебі, бұл сән көрсетіліміне келген көрерменнің сұранысы болды. Бәрі суретке түсіріп, балалармен тілдесті. Қазақтың ұлттық киімі өте әдемі және бай. Грузияда өткен шеберлік сабағына қатысқан кезде маған ешкім көңіл аудармады. Ең жасы мен болдым.

Соңғы күні әр ателье өз киімдерін таныстырды. Сол кезде бәрі таңырқап, фотосессия жасалды. Өкінішке қарай, мен тіккен көйлек грузин қыздарына сай келмей, өзім киім фотосессиясын жасадым. Сәнгер болып, қаланы араладым. Сапар кезінде көктемде өтетін сән көрсетіліміне шақырту алдым. Барып, Қазақстанды танытқым келеді», – деді ол. Испания, Италия, БАӘ-де өткен сән көрсетілімдеріне қатысып, балалардың ұлттық киімі бас жүлдені алды. Ендігі арманы - Грузияда өтетін сән апталығына қатысып, жеңіске жету.

Сабина Жанзақова өз киімдерінің үлгісін «Күнкей» деп атады. Анасы кішкентайында еркелетіп, қызына Күнкей деп ат қойған. Сән әлемінің жас дизайнері де ұлттық киім тігуді қолға алғанда бірден мән-мағынасы терең брендті таңдады. Дизайнер жергілікті сәнгерлермен бірге жұмыс істеп, шетелдегі сән апталықтарына жиі баруды мақсат етіп отыр.



ЕРКЕ ЕСМАХАН 10 МЫҢ МЕТР БИІКТІКТЕ ӘН АЙТТЫ

Ерке Есмахан өткен жылдың нағыз хиты болған «Қайда?» әнін 10 мың метр биіктікте шырқады. «Air Astana» әуе компаниясының ұшақ бортында жолаушыларға жанды дауыста ән орындап, көңілдерін көтерген Ерке Есмаханнның бейнебаянын осы уақытқа ейін 53 миллион адам тамашалаған. Бұл рекордты әлі күнге дейін қазақ эстрада өкілдерінен ешкім жаңартқан жоқ.

АЛТЫНАЙ ЖОРАБАЕВА АСТАНАДАН ЖИҢАЗ САЛОНЫН АШТЫ

Әнші Алтынай Жорабаева Астанадан жиһаз салонын ашты. Бұл туралы Алтынай Жорабаева Instagram желісіндегі парақшасында хабарлады.

Әншінің салоны тапсырысқа жиһаз жасауды көздеп отыр.

Алтынайдың жаңа бастамасын қолдауға келгендер қатарында әншінің достары мен өнердегі әріптестері болды.

Айта кетейік, Алтынай Жорабаеваның Алматыда жеке сән салоны бар. Өзі төрт қызымен бірге Астанада тұрады.

Өнерде жүрген көптеген әнші іскерлік қабілетімен де көзге түсіп жүр. Негізінен тойдан ғана табыс табатын отандық жұлдыздардың көбінде жеке сән салоны бар.



ҚЫМБАТТЫ ТАЛАПКЕР!

Қазақстандағы өнер және мәдениет саласындағы жетекші оқу орны Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы.

Академияның «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті, «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедрасы елімізде мамандық дайындауда көшбасшы ретінде өнердің үлкен мектебін қалыптастырған. Кафедраның оқытушылар құрамында елімізге белгі 2- Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, 4- ҚР Мәдениет қайраткері, 12-ҚР Суретшілер мен дизайнерлер одағының мүшелері қызмет етеді. Кафедра инновацияға, жаңалықтарға бейім, бәскекке қабілетті маман дайындау үшін барлық жағдай жасайды. Кафедра баклавриат, магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Біз сіздерді академиямызға «Сәндік өнер» мамандығына қуанышпен қарсы алуға дайынбыз. Академияның «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедрасы, «Сәндік өнер» мамандығына төмендегі мамандықтар бойынша талапкерлерді оқуға шақырады.



5B041700 «Сәндік өнер» мамандығы
«Көркем тоқыма» мамандандыруы
«Зергерлік іс» мамандандыруы
«Ағашты көркемдеп өңдеу» мамандандыруы
«Көркем қыш» мамандандыруы

Талапкерде міндетті түрде орта көркемсуреттік білімі болуы керек. (көркемсурет үйірмелері, мектеп, колледж)

Алдын – ала өтетін шығармашылық байқау:
Емтихан тапсыру үшін талапкер іріктеу комиссиясына кескіндеме, сурет, үйлестіру пәндері бойынша жұмыстарын көрсетіп рұқсат алулары керек. (20 жұмыс)

Шығармашылық емтихан:

5B041700 «Сәндік өнер» мамандығы бойынша «Үйлестіру» пәнінен:

Тақырып:
Сәндік тұйық шешімдегі үйлестіру (композиция).
Сәндік ашық шешімдегі үйлестіру (композиция).

Талаптар:
Сәндік үйлестіруді құрастыра білу;
Сәндік үйлестіру негіздерін көрсете білу;
Тапсырманы орындау барысында үйлестіру бойынша сауаттылығын көрсете білу;
Графикалық шешімдерін сауатты көрсете білу;
Түстік шешімдерін сауатты көрсете алу;
Форматы: А4 көлеміндегі қағаз

Материалы: гуашь, акварель, акрил, қыл қалам, қарындаш, қағаз, тушь, қалам, сызғыш, циркуль.

Сіздер үшін есігіміз ашық, асыға күтеміз. Біздің Студенттік өмірге қош келдіңіздер. Біздің мекен жайымыз: Алматы қ. Кабукова көшесі-133.
эл.пошта: 07-tas@mail.ru, ktulakbaeva@mail.ru